



ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ



АЙТЫП КЕЛЕТІН АПАТ - 2

Аягөз деген – аядай бұлақ деседі. Жұрттардан қалған жұмбақты кімдер шешеді?..
Мұқағали жырлаған Аягөздегі аядай бұлақтар биыл көктемде алапат топан суға айналып, асып-тасып жатыр. Бір аптадан бері табиғаттың қатал мінезімен күрескен шығыстағы жұрт тасқын судың кесірінен баспанасыз қалды.

Шығыс Қазақстандағы атқамінерлердің бәрі қазір батпақ кешіп жүр. Облыс әкімі 13 наурыз күні Аягөз ауданына арнайы барып, тасқыннан зардап шеккен үйлерді аралап, тұрғындармен кездесті. Айдың-күннің аманында баспанасынан айырылу кімге оңай тисін? Бар-жоғы 15 минуттың айналасында екі метрге жуық алып тасқынның астында қалып, құл-талқаны шыққан үйлердің тұрғындары әуелде ашуға ерік берген. Шығтай киінген шенеуніктерді көргенде, ашу алқымнан шығып, көз жастарын төгіп-төгіп алды. Аймақтағы

шенділермен бірге су алған үйлерді біз де араладық. «За линий» деп аталатын шағын ауданда түйткілді мәселенің аз емес екенін аңғардық. Тұрғындардың бірі «жергілікті әкімдік қарайласпаған соң көпірлі өз күшімізбен салып алдық» десе, енді бірі бұл ықшам ауданда су, жарық мәселесінің шешімін таппай отырғанын алға тартты. Аягөзде әуелде 20, сосын 40, кейін 100 үйді су басқаны туралы хабарланған еді. Бұл дерек күн сайын артып, 14 наурыздағы мәлімет бойынша 189 үйге су кіргені белгілі болды. Мүлде жарамсыз болып қалған

8 үй мен апатты деп танылған 10 үй тіркеуге алынған. Су астындағы ауданды аралаған өңір басшысы уәдені үйіп-төгіп жатыр. Ол «Сәл сабыр етіңіздер. Бірде-бір тұрғын назардан тыс қалмайды. Арнайы құрылған комиссия 10 күн ішінде тиісті шешім шығарады. Үйлері жарамсыз болып қалған тұрғындарға Аягөз қаласында салынып жатқан 60 пәтерлі үйден баспана беріледі немесе осы қаладан үй сатып алып беру мәселесін қарастырамыз.

(Жалғасы 2-бетте)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Шығыс Қазақстан облысындағы төтенше жағдайға байланысты қоғамда түрлі пікір айтылуда. Белсенділер тарапынан «Депутаттар әлі күнге дейін бұл өңірге неге қадам баспады?» деген сауал да қойылуда. Осыған байланысты Парламент Мәжілісіне Аягөз ауданынан сайланған депутат Нұртай Сәбиляновты сөзге тарттық.



Н.СӘБИЛЯНОВ:

ҚҰР ДҮРЛІКТІРМЕЙ, ҚАРЕКЕТ ЕТЕЙІК

— Нұртай Салихұлы, шығыстағы ахуалды естіп, біліп отырған шығарсыз. Бірақ бірде-бір Парламент депутаты тасқын болған аймаққа әлі бармапты?

— Шынымен де, қазір әлеуметтік желіде әр түрлі әңгіме айтылып жатыр. Алайда біз бармас бұрын, жағдайды жіті зерттеп, қандай көмек бере аламыз, барғанда жергілікті тұрғындарға не айтамыз деген мәселені де ойластырып, қам-қарекет жасаудамыз. Құр қол шауып барғаннан ештеңе шешілмейді. Қазір Парламент депутаттары жолға жиналып жатыр. Төтенше жағдай орын алған күннен бастап ахуалды бақылауда ұстап отырмыз. Облыстық қордан 100 млн теңге бөлінді. Мұның сыртында бірқатар азамат бас көтеріп, қайырымдылық шарасын көрсетуде. Мен өзім «Аягөз болашақ» қорына 1 млн теңге аудардым. Мүмкіндікті пайдаланып айтқым келеді. Қазір неше түрлі жалған қор ашып, киви-қошелек арқылы тасқынды пайдаланып, ақша жасағысы келетіндер де бар. Сондықтан шығысқазақстандықтарға қол ұшын бергісі келетін азаматтар қаржысын аталған қорға ғана аударуын сұраймын.

— Бірнеше жылдан бері Парламент Мәжілісінде депутатсыз. Шығыс Қазақстанда бірінші рет емес, жыл сайын су тасқыны болады. Сайлау алдында тұрғындар бұл мәселені көтерген шығар. Шешеміз деп уәде беріп пе едіңіз?

— Біріншіден, апат айтып келмейді. Шығыстың географиялық орналасуы да өзгеше. Бір жағы — таулы, бір жағы — жазық. Қар көп түсетіні де рас. Екіншіден, Аягөздегі ахуал бойынша тиісті мекемелер тексеру жүргізу керек. Мен жеке өзім ішкі істер министрлігіне хат жолдап, мәселені анықтауды сұрап отырмын. Себебі жергілікті тұрғындар арасында «дамбы жарылған, екі-үш күн жауын болды, алдын ала қам-қарекет жасалмады» деген алып-қашпа әңгіме көп. Ал облыстағы гидротехникалық нысандардың жағдайына қатысты бірнеше рет Мәжіліс мінберінен депутаттық сауал жолдадым. 2011, 2013 жылдары болған табиғи апаттардан кейін мәселе көтеріп, нәтижесінде аймақтағы көптеген су қоймасына күрделі жөндеу жүргізілді. Әлі де бар. Кейбір гидротехникалық нысандар жекенің меншігінде.

— Баспанасыз қалған жұрттың жағдайы қалай болады?

— Қазір комиссия құрылып, жарамсыз үйлердің нақты санын анықтауда. Көп кешікпей баспана мәселесі шешіледі. Тұрғындарға айтарым, ешкім үйсіз далада қалмайды. Қазір қаладағы сатылымда тұрған баспаналар да есепке алынады. Қажет болса, тұрғындарға өз қалауы бойынша тандау мүмкіндігі беріледі. Тағы бір айта кететін жәйт, әлеуметтік желіде әр нәрсені жазғанда, отандастарымыз қолынан келгенше басына іс түскендерге көмек бергені жөн. Жұмыла көтеріп, сын сағатта бірлік танытқан дұрыс. Өткен жылдары Ұржар мен Аягөзде көптегерлі үй өртеніп кеткенде жергілікті жұрт ұйымшылдықпен тез арада баспана мәселесін шешіп тастады. Сол кезде елдің бірлігіне риза болдым. Мен өзім жасаған жақсылығымды жарнамаламаймын. Қолдан келсе, көмектесемін. Соңғы кезде әлеуметтік желіде отырып, мәселенің байыбына бармай елді дүрліктіретіндер бар. Жалпы бұқаралық ақпарат құралдарының да көмегін, қамқорлығын айтпай кетуге болмайды.

Сұхбаттасқан Бейсен НАРЫНБЕК,
Астана



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)
64,89



DOLLAR
321,78



EURO
397,62

АЛТЫН (ун.)
1323,10



ҚАЛАМТАРТЫС

ҚАЛАМЫ – ҚЫЛЫШ, ҚАҒАЗЫ – ҚАЛҚАН



«Ханталапай» деген ойын бар. Бұрынғы заманның балалары ойнайтын. Қазір телебағдарлама мен наурыз сияқты мереке-мейрамдарда болмаса, асық ататын баланы қала түглі, ауылдан таппайсыз. «Ханталапайды» неге айтып отырмыз?..

(Жалғасы 3-бетте)

БҮГІНГІ ПРОЗА

— Сен бүгін не жедің? — дейді атасы күнделікті сұрағын қайталап.
— Ботқа, — дейді немересі күнделікті жауабын қайталап.
— Атаң да ботқа жеп өскен, — дейді атасы, — солдат ботқасын.
— Содан кейін сен солдат болдың ба? — дейді немересі.
— Сен де солдат боласың, — дейді атасы.
— Мен солдат емес, банкир боламын.



КӨРІ
СОЛДАТ

(Толығырақ 6-7-бетте)

ҚЫЗЫҚТАН
ҚЫЗЫҚТАРЫ

Абайламаған
Абай көшесіне де
сыймайды



Дереккөзі: kris_p

Алматы қаласы

ҮКІМЕТ

Үкіметтің кейінгі екі отырысы мемлекет басшысы жариялаған бес әлеуметтік бастамаға арналды. Сейсенбі күнгі кезекті жиында осы тапсырмаға жауапты әрбір ведомство басшысы апта бойы атқарған жұмысы бойынша есеп берді. Бес бастаманың алғашқысы – тұрғын үй бағдарламасы жөнінде Алматыдағы кеңсесінен Ұлттық банк төрағасы байланысқа шықты. Мұның алдында Мәжіліс депутаттарының қазақша сұрағына жауап бере алмай ұятқа қалған Данияр Ақышев кезекті баяндамасын жүзін көрсетпей оқыды. Есесіне, экранға слайд беріп, «7–20–25» бағдарламасын жүзеге асыру тетіктерін түсіндірді.

коммуникациялық желілерді тартуға жыл сайын бөлінетін қаржыны 80 млрд тенгеден 100 млрд тенгеге дейін арттыру жоспарланған. «Әліппе» мен «Сауат ашу» оқулығы, үш тілділік, 12 жылдық білім беру, электрондық күнделік, латын қарпімен басы қатып жүрген білім және

қарастырылып, тиісті инженерлік-коммуникация жүргізу бойынша үкімет тарапынан тапсырма беруіңізді сұраймын», – деп Премьер-Министрге қиыла қарады. Елбасы айтқан бесінші тапсырма - газдандыру мәселесі. Жоспарға сәйкес, Астанаға көгілдір



ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАҒА ӘЛЕУЕТ КЕРЕК

Бас банкирдің сөзінше, жаңа тұрғын үй бағдарламасы осы жылдың екінші жартысынан басталады. Оған ресми табысы бар кез келген отандасымыз қатыса алады. Бағдарламаға ұлттық банк жауапты болғанымен, оны іске асыру үшін наурыздың ішінде арнайы ұйым құрылады. Тиісті заңға өзгеріс енгізілген соң, шілде айынан бастап алғашқы ипотека беріледі. «7–20–25» бағдарламасын іске асыруға байланысты «Нұрлы жер» бағдарламасына да өзгеріс енгізілмек. Бұл туралы еліміздегі құрылыс, инфрақұрылым мәселелеріне тікелей жауапты инвестициялар және даму министрі Жәніс Қасымбек айтты. Тұрғын үй құрылысының көлемін ұлғайту талаптары мен «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» замын беру талаптары қайта қаралады. Бұдан бөлек, құрылыс алаңдарына инженерлік-

ғылым министрі Ерлан Сағадиевке тағы бір міндет қосылды. Өйткені бес тапсырманың біреуі – студенттердің жатақхана мәселесі. Ол 2022 жылға түбегейлі шешілуі тиіс. Бұл жұмыстар бойынша министрлік бір аптаның ішінде қыруар жиналыс өткізіпті. Жоғары оқу орындары мен құрылыс компаниялары, Ұлттық банк пен ұлттық экономика, қаржы министрлігі өкілдерінің қатысуымен Президент тапсырмасын жүзеге асырудың механизмдерін талқылады. Ерлан Сағадиевтің есебінше, оқу орындарын 5 жылда жатақханамен қамту үшін мемлекеттік қазынасынан 225 млрд тенге қажет. Министрдің айтуынша, жатақхана салу тапсырмасын «Нұрлы жер» бағдарламасына қосып, қаржыландыру жүйесін реттеу қажет. Бұдан соң, Е.Сағадиев «Жері жок университеттерге әкімдік тарапынан жер телімі

отын 2021 жылы келеді. Қызылордадан Жезқазған, Қарағанды, Теміртау арқылы тартылатын «Сарыарқа» магистральді құбыры Елордаға жеткенше газ тарату желілері салынып бітуі тиіс. Энергетика министрі Канат Бозымбаевтың сөзіне сенсек, шілде айына дейін газ құбырының жобалық-сметалық құжаты дайындалмақ. Оның құрылысына сырттан қаржы тарту көзделіп отыр. Министрдің мәлімдеуінше, «Сарыарқа» магистральді құбырын салуға 267 миллиард тенге жұмсалады. Бес әлеуметтік бастаманы жүзеге асыру жайын талқылаған министрлер кабинеті осы тапсырманы орындауға арналған жол картасын қабылдады. Әр мекеме құжат негізінде өз жұмысын жалғастырмақшы.

Бейсен НАРЫНБЕК, Астана

Әлеумет.т⁰



Оңтүстік Қазақстан облысындағы мектепте болған оқиға ел-жұртты елең еткізді. Дегенмен, істің мән-жайы анықталғанша, бірдеңе айтудың өзі қиын. Қазір әріптесіміз Зағипа Балиева тікелей араласып жатыр. Егер оқиғаның болғаны рас болса, бұл мәселеге байланысты депутаттар бей-жай қалмайды деген ойдамын. Жалпы мен бұған дейін де білім саласына қатысты үкіметке депутаттық сауал жолдағанмын.

Біздің бала кезімізде отбасында мұғалімнің қадір-қасиетін бағалайтын өнегелі әңгіме көп айтылатын. Оларға деген құрмет ерекше

әлеуметтік желіден көріп жүрміз. Мұғалім бейнесі қауқарсыз, құқығы тапталған адамға айналды. Ұстаздарға деген сенімсіздік күннен-күнге, ата-аналардың тарапынан үдемесе, бәсеңдеген жоқ. Өйткені, диктофон, фотоаппарат, ұялы телефон қолдану арқылы оқушылар мұғалімдердің беделін түсіріп жатыр. Тіпті қазір оқушы қыздар Facebook секілді үлкендер отыратын әлеуметтік желідегі топтарға сабақ үстінен тікелей эфирге де шығады.

Қазір жаһандану дәуірі, ақпараттық-технологияның уақыты дейміз. Десек те,

ҰСТАЗ СОТ ПЕН МЕКТЕП АРАСЫНДА ЖҮР

еді. Қазір ұстаздарымыз сот пен мектептің ортасында жүр. Ақпарат құралдары мен әлеуметтік желіде де баланы ұрып жатқан немесе оқушыдан таяқ жеген мұғалімдерге қатысты фото-видео қаптап кетті. Сондықтан мемлекеттік мекемелердегі талап-тәртіп секілді, мектептерде де смартфонға тыйым салу керек.

Ұстаздарға деген құрмет ерекше болуы тиіс. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, үкімет мұғалімнің мәртебесін арттыру мақсатымен білім берудің жанартылған мазмұнына көшкен ұстаздардың лауазымдық жалақысын 30 пайызға арттыру туралы қаулы шығарды. Солай болғанымен, ұстаздардың өз оқушыларынан қысым көруі әділетсіз болып табылады десек, артық болмас. Ұстаздарды балағаттау, тіпті оларға қол жұмсау, балалардың тәрбиесіздігіне кінәлау, тағы сол секілді материалдарды БАҚ пен

қандай қоғамда да тәртіп болу керек. Тәртіп болған жерде білім мен нәтиже болады. Қазіргідей неше түрлі қылмыс, келенсіздерге жол берілмес еді. Әрине, мектеп директорынан бастап, мұғалім мен ата-ана балаға ісімен, сөзімен, тәрбиесімен үлгі бола білу керек. Бала үйде де, түзде де көргенін істейді. Солай қалыптасады. Бүгінгі таңда мұғалімдердің неше түрлі әкімшілік қылмысқа тартылып, сот пен мектептің ортасында жүргені жанға батады. Өкінішті!



Динар НУКЕТАЕВА, Парламент Сенатының депутаты

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

40

млн теңге. Оңтүстік Қазақстан облысында шенеунік пара алғаны үшін осынша айыппұл төлейді

10

жыл. Бұрынғы ұлттық экономика министрі Қуандық Бишімбаев сотталды

40

жылдан астам уақыт қызылжарлық өже трактор тізіндеген

7 сөз Алматы облысындағы «Ақсу» қант зауыты жұмысын тоқтатпаған

Алыс-беріс



Индонезияда сапарда жүрген Қазақстан Парламенті Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев сол елдің президенті Жокко Видодомен кездесіп, Әлем және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VI съезіне қатысуға шақыруды табыс етті.

КЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУ

Сондай-ақ Елбасының тапсырмасы бойынша Сенат төрағасы Индонезия басшысын биылғы қазан айында елімізге ресми сапармен келуге шақырды. Кездесу барысында К.Тоқаев Астанадағы дінаралық форум дін көшбасшыларымен қатар әлемдік деңгейдегі саясаткерлер де бір үстел басында бас қосатын пікір алмасу алаңы ретінде мойындалғанын айтты. Съезд жұмысына БҰҰ Бас хатшысы, көптеген мемлекеттердің басшылары, халықаралық ұйымдардың жетекшілері қатысты. Сенат төрағасы жер жүзіндегі ірі мұсылман мемлекеті басшысының Астана форумына қатысуы, «Діни қайраткерлер қауіпсіз әлем жолында» тақырыбына арналған алдағы саммиттің табысты өтетініне ықпал ететінін атап өтті.

Бибігүл АСЫЛОВА,

білім және ғылым вице-министрі:

– Алдын ала болжам бойынша, жатақхана құрылысына шамамен 118 млрд теңге бөлінеді. Бұл кезең-кезеңімен берілетін қаражат. Келесі жылы 100 млн теңге бөлінсе, 2022-2026 жылдары 15 млрд теңгеден бөлінеді. Жоғары оқу орны, я болмаса, құрылыс компаниясы алдымен жатақхананың жобасын әзірлейді. Осыдан кейін «Қаржы орталығы» акционерлік қоғамымен екіжақты келісімшарт рәсімделеді. Соның негізінде екінші деңгейлі банктен несиелі алып, құрылыс жұмыстарын бастауға болады. Нысанды пайдалануға бергеннен кейін біз әрбір жатын орынға белгілі бір уақыт бойы субсидия төлейтін боламыз. Осылайша, жатақхананың құрылысына кеткен шығын өтеледі.



Бәрекелді!

АЛҒАШҚЫ АЛТЫН

Белгілі журналист Қайнар Олжайдың «Барғандары – бір қора, алғандары – бір қола» деп Олимпиадаға қаратып айтқан теңеуі Пион Чаннан алтынсыз қайтқан спортшыларымызға арналғандай. «Ат терлетіп» аттандырған спортшыларымызға басталмай жатып «көз тимесін» дестік. Көз тиді ме, әлде шама-шарқы сол болды ма, бір қоланы місе тұттық. Дегенмен осы аптада Пион Чаннан жақсы хабар жетті. Паралимпиадалық ойында шаңғышы Александр Колядин 1,5 мың метр қашықтықта алдына жан салмай, алтынға қол жеткізді. Бұл – Қысқы Олимпиада ойындары тарихында паралимпиададан қоржынымызға түскен тұңғыш медаль.



Төтенше жағдай

АЙТЫП КЕЛЕТІН АПАТ – 2

(Басы 1-бетте)

Үйлеріне су кірген, бірақ тұруға жарайтын баспана иелеріне де көмек көрсетіледі. Ертен облыстық «Парыз» қорынан Аягөздегі қалыптасқан жағдайды

жағдайды өздеріңіз де біліп отырсыздар. Үйлерін су алған тұрғындардың наразылығы да орынды. 10-15 адам жіберетін жерге 2 адам жіберілген. Бұдан кейін жағып тұшықпағанда қайтсін? Демек жағдайды



реттеуге 50 миллион теңге қаржы аударамыз», – деп кетті. Қолымызға тиген соңғы мәліметтерге жүгінесек, дәл қазіргі уақытта Аягөздегі №6 мектеп жанындағы интернатта 73 адам (оның 42-сі бала) уақытша тұрып жатса, 70 адам туыстарының үйін паналап кеткен. 217 тұрғын өз үйлеріне оралыпты.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша 229 үй тасқын судан зардап шеккен. Мәселен, Аягөз қаласында – 189, Өскемен қаласында – 24, Ұлан ауданында – 5, Глубокое ауданында – 8, Зайсан ауданында – 2, Күршім ауданында – 1 үйді, 193 аула мен 110 саяжай нысанын су басқан. Апат кезінде 385 адам қауіпсіз жерге көшірілген. Қош делік! Сонымен, облыс басшысы «Өскемендегі

өзіміз де қиындатқанбыз. Тәжірибесіз басшыларға барлығын ескертіп отырмаған менің де кінәм бар шығар», – деп халық алдында өзінің де, қызметкерлерінің де кемшілігін жасырмады. Шығыс Қазақстанның алты бірдей ауданы: Аягөз, Ұржар, Күршім, Ұлан, Глубокое, Зайсан ауданы мен облыс орталығы – Өскемен қаласының тұрғындары апатпен әлі арпалысып жатыр. Тасқын судан зардап шеккен тұрғындар саны әлі де артуы мүмкін? Өйткені, шығысқа мамыр тұмай мамыржай өмір орнамайтыны анық.

Думан БАҚЫТБЕК, Шығыс Қазақстан облысы

Суреттерді түсірген Тілеубек ШАЯХМЕТ

– Елімізде жоғары оқу орындарының студенттері үшін жатақхана салынғанда оқу ақысы қымбаттамай ма?



Сауалы

Аптаның

Жауабы

үлкенге де, кішіге де, жасына да, көріне де көп рахмет! Мен биылға сайлауға түспейтінімді мәлімдеймін!» деп ашық айтты.

Оразалиннен кейін мінберге «Алматы — болашақ» баспасының директоры Ырым Кенебаев шықты. Ол одақ

Осы аптада Алматыда Абай атындағы опера және балет театрында Қазақстан Жазушылар одағының 15-ші құрылтайы болып өтті. Сол құрылтайда одақты 22 жыл басқарып келген Нұрлан Оразалин «ханталапайға» түсті. Қоғамның зиялы қауымы саналатын жазушылардың бұлай айтысуы, бір адамды жан-жақтан талауы бұрын да жиі болып тұратын жағдай. Ал бұл жолғы талапайдың тұрпаты тіптен бөлек шыққандай...

«Әлкисса» деп әңгімені арыдан бастайық.

Жазушылар одағының 15-құрылтайы осыдан бір ай бұрын белгіленіп қойған-ды. Біз де асығып-үсігіп Абай атындағы театрга жеттік. Сонымен, 12 наурызға жоспарланған қаламгерлердің жиыны басталды да кетті. Алдымен Әнұран шырқалды. Президиумда отырған қаламгерлер арасынан жазушы Қабдеш Жұмаділов пен акын Мұхтар Шаханов қана қолын кеудесіне қоймаған күйі Әнұранды аяқтады. Қасымда отырған «Камшы» сайтының журналисі «Әнұран – Шәмшінікі. Шаханов – Шәмшінің шырақшысы. «Шәмшінің ең жақын досы болғам» деп айтады үнемі. Сонда қолын кеудесіне қоймау кімге көрсеткен айбаты? Бұл Жазушылар одағының жеке әнұраны емес немесе сөзін Оразалин жазған жоқ қой. Жұмаділовтың да қолы неге кеудесіне жетпей қалғанын түсінбедім?» деп сыбырлады. Ешнәрсенің байыбына жете алмаған күйде мен де иығымды қикан еткіздім.

Осыдан 6 жыл бұрын өткен құрылтай мен бүгінгі жиынға дейін Жазушылар одағы мүшелігіндегі 131 қаламгер қайтыс болған екен. Марқұмдардың рухына 1 минут үнсіздік жарияланды. Одан кейін мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы Елбасының құттықтау хатын оқыды.

Алғашқы баяндаманы одақ басшысы өзі жасады. Ол 22 жыл бойы істеген жұмысын, атқарған ісін түгел баяндап шықты. Қалам ұстаған қауымды басқарудың қаншалықты қиын екенін тілге тиек етті. Өзіне тағылған айыптың бөріне бұған дейін жауап бергенін жеткізді. Ол «Одақ жұмысына тағылған айып, жағылған күйенің бөріне көңіл келемін. «Тау бөктеріндегі жазушылар үйін сатып жіберді» дегенді де естіп жүрміз. Сатылған ешнәрсесі жоқ. Үй де, басқасы да орнында тұр. Сенбесеніздер, қазір менен кейін шығатын Ырым Кенебаевтың есебін тыңдаңыздар. Қатты уайымдамаңыздар, мен бұл сайлауға түспеймін! Осы жылдары қызметтес болған



ҚАЛАМЫ – ҚЫЛЫШ, ҚАҒАЗЫ – ҚАЛҚАН

ЖАЗУШЫ НЕГЕ ЖАҚ-ЖАҚ?



жұмысын тексерген комиссияның төрағасы ретінде өзінің есеп-баяндамасын оқи бастады. «Сатылып кетті» деп кейбір қаламгерлер ұлап-шулап жүретін Шығармашылық үйінің сатылмағанын айтты. Қайта оның жалға беріліп отырғанын жеткізді. Соңғы жылдардағы одақтың кіріс-шығыс есебінің бәрін тізіп оқып шықты. Шығармашылық үйі мен Жазушылар одағының залын, кейбір бөлмелерін жалға беруден қанша ақша түскенін, ол ақшаның қайда, қалай жұмсалатынын түгелдей тізді. Төрағадан бастап, оның орынбасарларының қанша жалақы алатынына дейін баяндады. Тіпті

«Қазақ әдебиеті» газетінің журналистері, қызметкерлерінің жалақысын да есептеп шығыпты.

Баяндамашының қорытынды есебіне қарағанда, Жазушылар одағының түрлі қаржы көздерінен 2017 жылы 198 миллион теңгеден астам қаржы түскен және оның бәрі жарғы бойынша жұмсалған. Бір тиын да аспаған.

Қаржылық есептен кейін бірнеше жазушы жарысөзге шықты. Жазушы Сұлтанәлі Балғабаев әдебиет пен мәдениетке жағдай жасап жатқан Қазақстандай ел жоқ екенін, тек соны дұрыс пайдалану қажеттігін еске салса, жазушы Сәбит Досанов Одақ төңірегіндегі жел сөздің желігіне желікпеуді тілге тиек етті.

СЫН ШЫН БОЛСА...



Сөз кезегі жазушы Қабдеш Жұмаділов пен акын Мұхтар Шахановқа келгенде, екеуі де одақ төрағасын сынады.

Құрылтайда кенес, ұсыныс-пікір болған жоқ. «Былай істесек қайтеді. Былай жасасак не болады?» деген тың ұсыныс болмады. Қайта айтыс-тартысқа жол берілді.

Жазушылардың келісе алмай келісіп қалған бір тұсы — «Құрметті төрағалық». Қаламгерлердің бір тобы бұған қарсы тұрды. Бір тобы дауыс беруге келіскен сынай танытты. Осы кезде жарысөз айтуға мінберге көтерілген жазушы Төлен Әбдік те «Құрметті төрағалыққа» қарсы шықты. Залдың әр жерінен қиқу естілді.

Дүрліккен қаламгерлерді басу үшін мінберге төрағаның өзі көтерілді. Н.Оразалин: «Айналайын, ағайын, мен ешкімнен қарыз сұрап отырған жоқпын. Оразалинмен «Құрметті төрағалық» басталмайды, Оразалинмен бітпейді. Менен бұрын бұл қызметке тағайындалған Олжас Сүлейменов болатын. Сондықтан «Құрметті төрағалық» Олжасқа да, маған да ортақ, тіпті келесі менің орныма отыратын басшыға да бұл ортақ шарт. «Құрметті төрағада» ешкімнің ішкі жұмысына араласуға, билік айтуға мүмкіндігі жоқ. Уставта ондай ереже қарастырылмаған... Мен таяқтарыңызды жеп, айқайларыңызды естіп жүріп, осында 22 жыл отырдым. 22 жылда төрт



рет сайлауға түстім. Өздеріңіз сайладыңыздар. Алдарыңызға барып, маған дауыс беріңіздер деп ешкімге жалынған жоқпын. Барымды салдым. Әдебиеттің ыстығына да, суығына да көндім. Айтыс, тартысының, жамандығы мен жақсылығының басы-қасында, от пен судың ортасында жүрдім. 22 жыл өмірімді далаға төккен жоқпын. Қап-қара шашымды қырау шалды. Жүйкем тозды. «Одақ және менің өмірім» деген кітап жазып жатырмын. Сонда осының бәрі бар. Дәл қазір мені «Құрметті төраға» болсын десеніздер, дауыс беріңіздер. Ал дауыстарыңызды қимасаныздар, ол өз еріктеріңіз. Ұсыныс келіп түсті, біз сол ұсыныс бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Мені шығарып саларда бұлай көкпарға салғандарыңыз кісілікке жата қоймас» деп мінберден түсіп кетті.

БАС-БАСЫНА БАСҚАРМА
МҮШЕСІ БОЛДЫ

Құрылтайдың екінші бөлімін жазушы Әлібек Асқаров жүргізді. Ол «Жарғы бойынша құрылтайда Жазушылар одағының басқарма мүшелері сайлануы

QOĞAM

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



таныстырып үлгерді. Сонымен оның бірінші орынбасары акын Акберен Елгезек болды. Қалған 3 орынбасарлық қызметке — Бақыт Белелхан, Бауыржан Жақып, Мереке Құлқенов тағайындалды.

Журналистерге берген сұхбатында жана төраға жауапгершілікті сезініп отырғанын айтты. Ол «Бұл оңай шаруа емес. Мен өзіме жүктелген міндетті сезініп тұрмын. Дәл қазір одақтың қарыз-құрызынан құтылу басты мақсат болып тұр. Ары қарай жұмысты орынбасарларымызмен келісіп жүргіземін» деді.



ЕЛ АУЗЫНАН

Құрылтайдың өсерінен арыла алмай тұрған қауымның ішіне кіріп, ойымыздағы сұрақты қойдық.

— Соңғы жылдары қалам ұстаған қауым кітап жазумен емес, арыз жазумен көп айналысып кеткен жоқ па? — дедік. Бір-екі қаламгер біздің сұрақтың төркінін түсінді.

— Иә, бұрын Әбдіжәмілдің «Қан мен тері», Әбіштің «Үркер», «Елең-алаңы», Мағауиннің «Аласапыраны» сияқты қазақ тарихының түп-тамырын қопарған тілі де, ділі де мықты көркем әдебиет көп жазылған. Қазір соның бірі жоқ. Қаламақыны сылтау қылатындай емес, соңғы жылдары жазушының түсіне кірмейтін миллион-миллион теңге бөйгеге тігіліп жатыр. Бірақ тұшынып оқытын шығарма жоқ. Неге? Тіпті, балтыр Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы өтті. Соған арналған тарихи роман болды ма? Болған жоқ. Ашаршылыққа, респрессия құрбандарына арнаған романдар да жазылып жатқан жоқ. Смағұл Елубай баяғыда «Ақбоз үйді» жазды. Одан кейін бұл тақырыпқа қалам тербеген жазушыны көрмедік. Неге? Қалам қуаты жетпей ме? Түсініксіз. Өзіміз жазбаймыз. Жазбағанымызбен қоймай, одақ көмектеспеді, үкімет қаламақы бермеді деп даурығамыз, — десті.

— Қаламгерлер арасындағы алуанздық неге өршіп кеткен?

— дедік екінші сұрағымызды бастырмалапты.

— Жазушы — ұлттың өлшемі болушы еді. Бірақ бұл жолы олар көшедегі күншілдердің ісін істеді. Зиялының емес, зияндының қылығын жасады. Достың емес, дұшпанның қылығын қылды. Атажұдай бір-біріне ақырды. Жас отыр, көрі отыр, бала бар, әйел бар деген жоқ. Бір-біріне зәр төкті. Бұл дұрыс емес, — деді.



ТОЙ ТАРАДЫ

Сонымен, көптен күткен Қазақстан Жазушылар одағының кезекті 15-ші құрылтайы үш-төрт сағаттың ішінде өтті де кетті. «Тойдың болғанынан боладысы қызық» деген осы. Бір айдан бері «толғатып» жүрген қаламгерлердің арыны басылып қалғандай. Бірін-бірі қимай, қоштаса алмай тұрған акын-жазушылардың арасындағы күбір-күбір әңгіменің ауаны — қаламды қару еткен аялтардың айқасы. Атын атап, түсін түстегенді әбестік санап отырмыз. Жалпы бұл жиында болған текетіреті ешкім зиялылықтың өлшемі деп бағалап отырған жоқ.

«Бұрын жазушы — ұлт пен ұрпақ үшін тәрбиенің, тектіліктің өлшемі саналушы еді. Ал бүгінгі жиында қалам ұстағандар бет пердесін ашып алғандай. Өздерінің ішкі мәдениетін, кісілігін, адамгершілік деңгейінің төмендігін көрсеткендей болды» деп жатты жұрт.

Біз де жиналдык. Ауыл-аймақтан келген қаламгерлер Алматыны қимай, бір-бірімен қоштаса алмай, Абай театрының алдында, әр-әр жерде үйіліп-үйіліп тұрды. Ертемен себелеп тұрған жыланды аспан әлі де тұнжырап тұр.

Жарас КЕМЕЛЖАН

◆ САЙЛАУДАҒЫ САТИРА

ЖАЗУШЫЛАР ДА «ЖЫНДЫ» ЕКЕН!

Сонымен, жазушылардың Алматыда өткен құрылтайына барып қайттық. Сатираға қызықты кейіпкерлерді алып қайттық. «Жазушылар да жынды екен ғой?» деген кеңіл-күйді пәпкімізге салып қайттық. Мұхтар Шаханов пен Нұрлан Оразалин тура менің кішкентай балақарым сияқты екен. Бірін-бірі мазақтап, тілдерін шығарып, «қоразсың, шақалсың» десті.

Қабдеш Жұмаділов деген көкеміз қаламгер өріптесіне қарата сөз сөйлеп: «Совет заманында «халтурщик» еді, мына заманда о тоба, сөз серкесі бола шығыпты!» деп таң қалған болды. Қайдан келгенін бір Құдай біледі, бір маскүнем сахнаға шығып кетіп: «Мен өулиемін! Жазушы ж-жолдостар, бір өн шырқап берейінші?» деп қоймады. Оны сахнадан сүйреп шығарды. Бірақ бір екіншісті, төбелес болмады. Негізгі төбелесу керек еді. Жекпе-жек! Сонда, біздер, делегатор кіммен төбелесерімізді білмей абдырып тұрар ма едік... Шіркін-ай, төбелес болып кетсе ғой? Аузым аңқиып отырған менің аузыма бір сөбіз кіріп кетсе. Қүртідетіп жей берсем. Тәрде отырған Мархабат ағамның маңдайына көртөшке сарт ете қалса... Кендебай ағамның бетіне помидор былш ете қалса. Зылиха қарындасының иығына салат тегіліп кетсе... Нармасахан ағамыз біреуді бір ұрып құлатып алып, артынан құалап көшірім сұрап жүрсе. Момбек жоқ! Сөйтсек, бір жазушыны ұрып құлатып, үстіне үймеленгендердің арасында қалып кетсе, оны сирағынан тартып, өрең шығарсақ... Әмзәні бір жазушылар ұрып жатса, оны ажыратып жүрсек. Бір драматург Ханбибі апамыздың желкесін қасып жатса. Біреуден біреу қорқып, қашып жатса, сөйтіп, делегатордың миы ашып жатса... Шойбек төбелеске қатыспай, аулақ жерде шөй ішіп отырса, Бақытжан Алдияр «Көкелер не істеп кетті?» деп жылап тұрса... Серік Жанәбіл «Төбелес қашан бітеді?» деп Құдайдан мейірім сұрап тұрса...

Құдай-ай, мұның бетін ары етсін, мұндай төбелес болған жоқ, болайын, болайын деп, деп қалды. Десек те, жаңа төраға болып белгілі акын Ұлықбек Есдәулеттің сайланғанына керемет қуанып қайттым!



Мұхтар ШЕРІМ
(Фейсбуктегі
парақшасынан)

ОДАҚҚА САЛАР ОЙЛАР БАР

Бірінші — Құрылтайда айтылған барлық ұсыныс өте мұқият сарапталуы керек. Елеулі пікір құжатқа түсіру керек.

Екінші — бүгіннен бастап Жазушылар одағының беделін көтеруді бәріміз ойлануымыз керек. Ол үшін одақтың 780 мүшесінің еңбегін арнайы комиссия құрып қайта сараптау салу керек. Одақ мүшелерінің арасына «кездейсоқ кіріп кеткен» халтурщиктерді тазалау қажет.

Үшінші — Жазушылар одағын журналистика деңгейіндегі прозашылар мен халтурщик ақынымшақтардан біржолата тазалап алуды шұғыл қолға алу керек. Бұл өнді оңай шаруа емес. Дау-дамайы көп, бірақ басқа жолы жоқ.

Төртінші — қаржы көздерін түбегейлі шешуді қолға алу керек. Ол үшін үкіметтің арнайы Қаулысын қабылдатуы ойлауымыз керек. Бұл да оңай шаруа емес. Сауатты заңгерлермен кеңесу керек. Ойласып қана қоймай, осы істі іске асыруға кірісу керек.

Бесінші — Қаулыда қаламгерлерді туған жерімен үзіліп қалған байланысын орнына келтіру керек. Мәдениет министрлігі, Ішкі саясатпен көп жылдық жоспарды бірлесіп жасап, олармен қоян-қолтық жұмыс істеуді қолға алуымыз керек. Мерейтойларын туған жерінде өткізу, есеп беру сияқты кештерін өткізу қажет.

Қасымхан БЕГМАНОВ,
АҚЫН





Береке-бірлік

Еліміздің «Қазақстан Халқы ассамблеясы (ҚХА) туралы» Заңы 2008 жылы 20 қазанда қабылданған болатын. Ал 2010 жылы сәуірде Мемлекет басшысының Жарлығымен елдегі этносаралық өзара келісімді нығайтуға бағытталған Қазақстанның Ел бірлігі доктринасы қабылданып, ондағы негізгі ереже Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Даму стратегиясына енгізілді. 105 этнос мекен ететін республикамыздағы ең көпұлтты және поликонфессиялы аймақтардың бірі саналатын Алматы облысындағы Қазақстан Халқы ассамблеясы 1995 жылдан бастау алады.

Киелі Жетісу өңірінде 13 этномәдени бірлестіктің басын қосқан ұлттық-мәдени орталықтар қауымдастығы 1991 жылы құрылды. Қауымдастықтың мақсаты — аймақтағы этностардың дәстүрі мен мәдениетін, тілі мен тарихын жаңғыртумен байланысты мәселелерді бірлесіп шешу. Әсіресе, кеңестік жүйе кенжелеткен қазақ тілі мен мәдениетін жаңғыртуға «Қазақ тілі» қоғамы зор ықпалын тигізіп келеді.

Қазіргі уақытта облыс аумағында жалпы саны 71 бірлестік тіркелген. Олардың 23-і облыстық, қалғаны аудан және қалалық деңгейде қызмет атқарады. Бәрі де осы өңірдегі этностардың мәдениетін, тілі мен салт-дәстүрін дамытумен айналысады. Ассамблея Қазақстан халқының ежелгі дәстүрін сақтауға айтарлықтай үлес қосып, барлық этностардың мүддесін біріктіріп, ел азаматтарының жан-жақты дамуына мүмкіндік берді. Бүгінде облыстық ҚХА елге танымал жүзден астам қоғам қайраткерлерін, тек этностардың ғана емес, қоғамдық пікір көшбасшыларын біріктіріп отыр.

Қазақстан Халқы ассамблеясының құрамына Алматы өңірінен 29 адам мүшелікке сайланса, облыстық

қаласындағы «Достық үйі — Қоғамдық келісім орталығы» республика жұртшылығына үлгі боларлық мекеме. Облыстық «Достық үйі» коммуналдық мекемесі 2015 жылдан бастап «Алматы облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Достық үйі — Қоғамдық келісім орталығы» болып қайта құрылды. Үш қабатты сәулетті ғимаратта облыстық ассамблеяның тиімді жұмыс атқаруы үшін барынша жағдай жасалған. 23 этномәдени бірлестік кеңсесімен қатар, облыстық ҚХА хатшылығы, медиация кабинеті, тілдерді оқыту орталықтары орналасқан. 200 адамдық зал мен 4 каналды синхрондық аударма жүйесі



жұмысының тағы бір бағыты қайырымдылық шарасына арналдып, бытыр 71 367 адамға 1 млрд теңге көлемінде қайырымдылық көмек көрсетілген. Медиация институтын дамыту және кеңінен тарату жұмыстары да жүргізіліп, түрлі семинар мен шеберлік сағаты өткізілген. Нәтижесінде, 200-ден астам кәсіби емес медиатор сертификатқа қол жеткізді. Алматы облысы бойынша «Халықаралық құқық қорғау орталығы» қоғамдық бірлестігі және «Медиация

шеберлік сыныптары және колөнер бұйымдарының жайма базары ұсынылып, екі ел арасында шағын және орта кәсіпкерлік саласында тәжірибе алмасу жүргізілді.

2015 жылы Ресейдің Барнауыл қаласындағы Алтай мемлекеттік университетінде этнограф, саяхатшы, ағартушы Шоқан Уәлихановтың 180 жылдығына арналған іс-шаралар кешені ұйымдастырылып, шара барысында аталған университет білімгерлерінің қазақ халқының ұлттық мәдениетімен танысуына зор мүмкіндік туды. 2016 жылы Қырғызстанның Токмок қаласында көрші елдер бір-бірінің шығармашылығымен танысты.

2017 жылдың мамыр айынан бастап Қазақстан Халқы ассамблеясының XXV сессиясында қойылған жаңа міндеттерді жүзеге асыру үшін тың шаралар межеленіп, Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын көпшілікке түсіндіру және жүзеге асыруға арналған жұмысшы топтары құрылды. Сондай-ақ мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында облыстағы мәдени бірлестіктер тарихи отандарынан инновациялық-өнеркәсіптік және білім технологияларын тартып, бірнеше әлеуметтік маңызы бар жобаны жүзеге асырды.

Мәселен, Қаратал ауданындағы «Қазақстан көрістерінің қауымдастығы» онтүстіккореялық «СЖТ» фирмасымен бірлесіп, облыс тұрғындарын жыл бойы жас көкөніспен қамтамасыз ететін заманауи жылыжай кешендерін салса, Талдықорғандағы немістердің «Виденбург» қоғамы аймақта туризмді дамытуды.

Өткен жылғы атқарылған жұмыс сараланып, үстіміздегі жылдың жоба-жоспарлары да межеленіп

АТҚАРЫЛҒАН ІС АУҚЫМДЫ

орнатылған мәжіліс залы, 3 хореографиялық зал және заманауи техникамен жабдықталған дыбыс жазу студиясы да осында.

Мұнда Алматы облысы ҚХА қызметін ғылыми тұрғыда түсіндіретін ғылыми-сарапшылық топ, дәстүрлі отбасылық құндылықтарын насихаттайтын аналар кеңесі, мемлекеттік ұлттық саясат пен этносаралық келісімді жариялауға әдістемелік орталық болып табылатын жетекші журналистер клубы мен азаматтардың байланысты

дамыту орталығы» республикалық қоғамдық бірлестігінің бөлімшелері жұмыс атқарып, былтырғы жылы кәсіби және кәсіби емес медиаторлардың көмегімен жалпы саны 1400-ге тарта дау-жанжал шешімін тапқан.

«Бейбітшілік пен келісімнің жол картасы» мега-жобасы, «Достықта жоқ шекара» шекаралық ынтымақтастық фестивалі аймақтағы бірлік пен әлеуметтік үйлесімділікті нығайтуға, ұлттық мәдени мұраны сақтауға ықпал етіп келеді. Қазақстан халқының бірлігін, аймақтық ассамблеямен мәдени байланысты бекемдеу мақсатындағы «Жібек жолындағы сұхбат» халықаралық мәдени жобасы, Қоғамдық келісім кеңесінің қызметіне арналған «Ауылым — алтын бесігім» облыстық форумы, Тұңғыш Президент күніне арналған «Елім деп соккан жүрегі», халықаралық балаларды қорғау күніне арналған мүмкіндігі шектеулі балалар арасындағы «Ортақ шаңырақ аясында» фестивалдері және 1 мамыр Қазақстан халқы бірлігі күніне арналған «Өнерім — өмірім» сияқты байқауларды өткізу жыл сайынғы дәстүрге айналған.

Осы уақытқа дейін атқарылған істер ауқымды. Мысалы, 2014 жылы «Қорғас» шекара аймақтық ынтымақтастық орталығында жұртшылыққа Алматы облысының кәсіпкерлік пен өнеркәсіп, инновациялық жоба мен инвестиция тарту салалары бойынша жетістіктерінің ақпараттық көрмесі, Жетісу суретшілерінің



қойды. Мәселен, 2018 жылы «Рухани жаңғыру» бойынша 12 ауқымды жобаны жүзеге асыру міндеті алға қойылған. Олардың ішінде «Жаһандық әлемдегі қазіргі заманғы Қазақстан мәдениет жобасының аясында «Әлем таныған Қазақстан», «Рухы бекем, киелі мекен — Жетісу» экспедициясының II кезеңі, «Қоғамдық сананы жаңғырту» жалпыұлттық жобасы аясында облыстық «Ұлттық бірегейліктің негізі», «Жетісудың киелі жерлері» атты форумдар бар.

Қазіргі таңда Достық үйі — Алматы облысының этносаралық, әлеуметтік, экономикалық салаларының дамуына үлес қосып отырған бейбітшілік пен қоғамдық келісім орталығы. Алматы облысының әкімі, облыстық ассамблеяның төрағасы Амандық Баталов мемлекеттік саясаттын Жетісу жерінде толық жүзеге асырылуына көңіл бөліп қана қоймай, материалдық-техникалық базасын жетілдіруге де ықпал етуде.

Лина АЙДЫН,
Алматы облысы

Жиын

Жиынға Алматы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы мен оның мүшелері, қоғамдық келісім және аналар кеңестері, этномәдени бірлестік төрағалары, еліміздегі жетекші партиялардың, жоғары оқу орындарының,

Талдықорғанда Қазақстан Халқы ассамблеясының (ҚХА) облыстық бөлімі мен «Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық филиалының ұйымдастыруымен «Қазақстан халқы Ассамблеясының жалпыреспубликалық бірыңғай күні» болып өтті. Басқосуда ел халқының тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағытталған Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың «Бес әлеуметтік бастамасы» атты үндеуі талқыланды.

Жолдауы мен жуырда қабылданған «Бес әлеуметтік бастамасына» тоқталды. «Өздеріңізге мәлім, 2017 жылы Елбасы халыққа

әлеуметтік бастамасы» атты үндеуі жарияланды. Елбасы Қазақстан халқының тұрмыстық жағдайын жақсартуға, адами капиталына

ҮНДЕУГЕ ҮН ҚОСТЫ



кәсіподақ пен бейресми ұйымдардың басшылары, облыстық кәсіпкерлер палатасы, сондай-ақ БАҚ өкілдері қатысты.

Жиынды Алматы облыстық ҚХА төрағасының орынбасары, хатшылық менгерушісі Ғабит Тұрсынбай мен «Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиаскар Сарыбаев жүргізді.

Алғашқы болып сөз алған Ғалиаскар Төлендіұлы Елбасы

«Қазақстанның Үшінші жаңғыруы жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауын арнады. Сол жылы сәуір айында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы жарық көрді. Жолдаудың негізгі тұстарын қамти отырып, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы дүниеге келді. Ал биыл мемлекет басшысының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауынан кейін «Президенттің бес

арналған көптеген мәселелерді іріктеп, әрқайсысына нақты тоқталып отыр», — деді ол. Алматы облыстық ҚХА жанындағы жетекші журналистер мен сарапшылар клубының төрағасы Атасалим Идигов пен облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ермек Келемсейіт, сондай-ақ елдегі саяси партиялардың төрағалары сөз алып, Президент үндеуінің тиімді тұстарына тоқталды.

Лина КӘЛІМХАН



ҚХА құрамында 102 адам бар. Олардың арасында соғыс ардагері — Л.Гирш, 2 академик — география ғылымдарының докторы, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры К.Баймырзаев пен Абай атындағы ҚазПУ профессоры, педагогика және акмеология ғылымдарының докторы Г.Хайруллин, 3 ғылым кандидаты — облыстық «Элефтерия» гректер қоғамының төрағасы Г.Иорданиди, «Қазақстан корейлері қауымдастығы» Талдықорған өңірлік филиалының төрағасы В.Ли және облыстық әзірбайжан этномәдени бірлестігінің төрайымы А.Осман, «Ұлағат» ақсақалдар кеңесінің мүшесі С.Гаитова мен «Балқария» облыстық балқар мәдени бірлестігінің құрметті төрайымы Л.Хочиева, облыстық «Ахысқа» түрік этномәдени бірлестігінің төрағасы Ш.Асиев сынды азаматтар — Алматы облысының «Құрметті азаматтары» ретінде лайық деп танылған. Сондай-ақ «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалының саяси кеңесінің құрамына Ассамблеядан Л.Хочиева, С.Гаитов, А.Ахметовалар еніп, еңбектері еленген ассамблея мүшелерінің арасында мемлекеттік «II дәрежелі Достық», «Парасат», «Құрмет» ордендерімен және «Шапағат», «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған. Бұған қоса, облыстық ассамблеяның 60-тан астам мүшесі - «Қазақстан Халқы ассамблеясының «Бірлік» алтын медалінің иегерлері. Міне, осындай жетістіктерден аймақтағы Ассамблея жұмысының сапалық көрсеткіштерін айқын аңғаруға болады.

ҚХА қызметін қамтамасыз ету үшін құрылған, бүгінде этностардың достық бесігіне айналған Талдықорған



оқуға деген саналы мүддесін қалыптастыруға ықпал ететін «Парасат» мемлекеттік тіл білгірлері клубы бар. Сонымен қатар «Ұлағат» ақсақалдар кеңесі ұрпақтар сабақтастығын нығайту мен жас ұрпақты патриотизм рухында тәрбиелеу мәселелерімен айналыса, «Бірлік» жастар қауымдастығы ұлттық бірлік, қоғамдық келісімді бекемдеу, жастарды патриотизмге баулу бағытында тұрақты түрде жұмыс атқарып келеді.

Сонымен бірге облыстық ҚХА-ның 2025 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы жергілікті мәселелерді ескере отырып әзірленді. Құжатта мемлекеттік этносаясаттың аймақтық деңгейдегі қалыптасуы мен оны жүзеге асырудың негізгі бағыттары анықталған. Тек бұл ғана емес, өңірде жыл сайын 600 мыңнан астам адамды қамтитын 300-ге жуық шара жүзеге асырылады.

«Достық үйі — Қоғамдық келісім орталығының» директоры Тәңірберген Қасымбекбаевтың айтуынша, өткен жылы әртүрлі форматтағы республикалық, облыстық және аудандық деңгейдегі жалпы саны 300-ге жуық іс-шара ұйымдастырылған. Жүзеге асырылған жобалар этносаралық татулық және қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуға бағытталды.

«Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында және «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында айтылған тапсырмалардың Қазақстан Халқы ассамблеясының жұмысына тікелей қатысы бар. Себебі олардың барлығы да азаматтық қағидат тұрғысындағы қазақстандық бірегейлікті, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған. Былтырғы жылы өткізілген шаралардың қатарында 37 кездесу, 31 форум, 27 дөңгелек үстел, тағы сол сынды әртүрлі фестивальдер мен конференциялар, семинарлар мен қайырымдылық концерттері бар. Тәңірберген Қасымбекбаев «Жыл соңында Талдықорған қаласында «Рухани жаңғыру» орталығының ашылуы атқарылған жұмыстардың елеулісі екенін айта кету керек. Аталмыш орталықтың басты мақсаты — «Рухани жаңғыру» бағдарламасының барлық бағыттарына жобалар құру және жүйелеу», — дейді.

Ассамблея қызметіндегі негізгі сала болып саналатын қоғамдық бақылау, медиация мен қайырымдылық белсенді түрде дамып келеді. Сондай-ақ өңірде 627 қоғамдық келісім кеңесі құрылған.

Жаңаның жақсылығы

Шынында да, тіршілікте жаза баспауың үшін, кісіге қылдай қиянат жасамауың үшін әлдебір құдіреттің бақылап, бағып тұруы керек сияқты. Әйтпесе, пенде шіркіннің пенделілігі таусылған ба?..

Облыс орталығында бейне бақылау камераларын қою 2007 жылдан бастау алады. Қалалық ішкі істер баскармасының жедел басқару орталығы бүгінгі таңда қылмысты, көшелердегі ұрлық-қарлықты, әкімшілік құқық бұзу оқиғаларын жедел анықтау барысында жемісті еңбек етуде. Қазіргі күні жүзден астам бейне бақылау камерасы қондырылған. Талай қылмыстың беті ашылған, анықталған, кінәлілер жауапқа тартылған. Осы орталық жұмысын жолға қойғаннан кейін қылмыстың жедел, ізін суытпай ашылуы өсе түскен. Алдағы уақытта көпқабатты үйлердің ауласына да қойылмақшы.

— Қала тұрғындарына айтар құлаққағысым да бар, — дейді Көкшетау қалалық ішкі істер баскармасының жедел басқару орталығының бастығы, полиция майоры Төлеген Бекеев, — жәбірленуші бірден уақыт өткізбей тәртіп сақшыларына хабарласса, қылмысты жедел ашуға, кінәлі адамдарды ұстауға мүмкіндік туар еді. Көп ретте, жәбірленушілер арада біршама уақыт өткен соң ғана хабарласып жатады. Бұл кезде қылмысты ашу қиын.

Қазір орталық қаланың тыныс-тіршілігін кірпік қақпай бақылап тұр. Болған оқиғамен бірге қылмыстың алдын алу барысында да септігі мол.

Орталықтағы мейрамханалардың алдында тұрған қымбат көлікті түн жарымын еңсерген уақытта күдікті біреу айналсоқпап жүр екен. Бейнекамера әлгі адамды тура алақандағыдай айна-қатесіз көрсетіп тұр. Көліктің иесі болса айнала шиырлап жүріп, қолын көлегейлеп ішіне үнілмей, есігін тартып көрмей, бірден от алдырмас па еді. Жоқ, мынау бөгде адам. Бірден жедел топ жеткен. Сөйтсе, шынында да, жаңағы күдікті адам қымбат көліктің есігін ашпақшы болып жатқан жерінде қолға түсті. Қырағылықтың арқасында ойына алған қылмыстық әрекеті жүзеге аспай қалды.

Тағы бір мысал. Қыраулы қыс. Сақылдаған сары аяз. Түн ортасы. Велосипедке мінген әлдекім орталық көшені қиып өтіп, жанама көшеге

Аядай ғана ауылда сөзі уәлі жанның бірі – Әлімжан ақсақал еді. Әлекеңнің жанында қымбат үш заты болды. Қылпылдаған өткір балта, он екі табан тартатын ондық қолшалғы, солқылдақ балапан қайыңмен сапталған, жалпақ, жөп-жөңіл күрөгі. Басқаға қолы ашық болса да, әлгі үш затқа аса мұқият. Көзінің қарашығындай сақтайды. Шалғы мен күректің қажет кезі белгілі. Ал балтаға қысы-жазы тыныштық жоқ. Жаңғырықтың қасында жантайтып жатқызбайды. Көршілер балтаны сұраусыз алып кетіп, отынын да бұтайды, соғымның сүйегін де шабады. Ұстарайды қылпып тұрған балтаның жүзі майырылған сайын Әлімжан ақсақалдың шыбын жаны шырқырайды. Кеңіліне түскен қаяуды бір-ақ ауыз сөзбен қайырап еді. Ондайда ұзынша селдір сақалын сипап тұрып, «төбеде құдай көріп тұр ғой» дер еді. Алпыс үйлі ауылдың балалары Әлімжан ақсақалдың осы бір жалғыз ауыз сөзінен фибрат алатын. Кісіге, оның затына сұраусыз қол созуға болмайтындығын үйренді. Өйткені кімнің болсын төбесінен құдай қарап тұр. Бәрін көріп тұр, бақылап тұр. Жақсылығыңды да, жамандығыңды да!..

ТУ СЫРТЫҢДА БЕЙНЕ БАҚЫЛАУ ТҰР



түсіп барады. Күдікті ме? Күдікті. Сақылдаған сары аязда ақыл-есі бүтін адам велосипед теуіп жүрмейді ғой. Оның үстіне жаю жүргінішінің жолы қасат қарға кептеліп тұр. Бейне бақылаудан көрінген сәтте күдікті екендігі байқалған соң жедел топқа шұғыл хабар жеткізілген. Шынында да, әлгі адам көпқабатты үйлердің дәлізінен әлгі велосипедті ұрлап әкетіп бара жатқандығы анықталды.

Міне, осындай әншейінде ұсақ-түйек болып саналатын, бірақ мал иесіне белгілі бір мөлшерде шығынын келтіретін көше қылмыстарының алдын алуды анықтау бағытында бейне бақылаудың тиімділігі зор. Сондай-ақ тонау, қарақшылық, әкімшілік құқық бұзу фактілері де анықталуда. Басқасын былай қойғанда, жазды күндері әп-әдемі болып жайқалып, өсіп, көз қуанып тұрған гүлзарды таптап, гүлді жұлып кететін

қаскүнемдер де кездеседі. Олардың барлығы орталықтың бейне бақылау камерасына ілігеді. Іліккен соң анықтау, ұстау тақа қиын шаруа емес.

— Қазір адамдардың көп нәрсеге еті өліп кеткен тәрізді, — дейді орталық басшысы Төлеген Сәлімжанұлы, — мысалы, көздері көріп тұрған қылмыстық әрекеттерді жедел хабарлай қоймайды. Бұл шын мәнінде адамдардың адамгершілігін, кісілігін көрсететін жай емес пе?

Бір кезде облыс орталығындағы көпқабатты үйлердің жанына қала тұрғындары амалсыз түнде қойып кететін көліктердің доңғалағын, аккумуляторын, магнитофонын тонау оқиғалары көбейіп кеткен болатын. Қазір қолының қыспасы бар бауқеспелер де төбелерінде камера тұрғандығын білгендіктен, сап тиылды.

Орталық басшысының уәжіне қарағанда, қызметтің барлық қыр-сырын актарып айтуға болмайды. Әр істің өз құпиясы, жұмыс тәсілі бар. Анығы, нақтылап айтуға болатыны, көше қылмыстарының көпшілігі осы орталықтың бейне бақылауы арқасында, қызметкерлердің өз істеріне жауапкершілікпен қарауының нәтижесінде ашылууда. Алдағы уақытта жана заманның үдерісіне сай техникалық мүмкіндік те молая түспек. Бүгінгі таңда орталық қана емес, шеттегі мөлтек аудандар да біршама қамтылып отыр.

«Ет тәттілігін қойса, мен ұрлығымды қояр едім» дегті баяғыда бір бауқеспе. Сол айтқандай, кісінің мүлкіне көзі қызығатын жаман әдеттен арылудың бір жолы — төбесінен тәніп бақылау. Бақылаудың тиімділігі анық байқалады. Бірақ, басшының айтуына қарағанда, бұрнағы жылдармен салыстырып, таразы басына тартатын есеп жүргізілмейді екен.

Арыдағы ойды қаузап келе, бейне бақылау орнатудың өзі жоғарыда біз айтқан міндеттермен қатар, адам тәрбиелеуге ықпалы зор тетік-ау деп түйсіндік. Дәл осы кезде ауылдағы Әлімжан ақсақалдың «төбенде құдай көріп тұр ғой» дейтін жалғыз ауыз сөзі жалдына оралады. Содан ұлағат ұғып, тәртіптің шеңберінен шықпаған қандай жақсы.

Қайнайды қаның

Елім деп келіп еді, жерсінбеді ме, әлде басқа себеп болды ма, Көкше жеріндегі ағайын елден көшіп жатыр. «Нұрлы көшті» ұлы көшке балап, елге ел қосылды деп шаттанып жүрміз. Көппен бірге Көкшетау іргесіне 7 мемлекеттен 274 отбасы көшіп келіп, шаңырақ тіккелі 9 жыл уақыт өтіпті. Алайда, шағын ауыл сол бойы ұмыт қалған. Баспанға таласқан екі отбасының айқай-шуы шенеуніктерді ұйқыдан оятқандай болды. Өйткені елім деп еметайы үзіліп келген кейбір қандастарымыз өздеріне көрсетілген құрметті «пайда көзіне» айналдырып алыпты. Яғни мемлекеттен берілген баспанасын бөгде біреулерге жалға беріп, өздері келген жақтарына қайта көшіп кеткен.

Туған жерге қоныс аударған қандастарға «Нұрлықөштегі» үйлер түпкілікті емес, жалға берілген. Сондықтан оны алғандар ай сайын мемлекетке 6500 теңге төлеп тұруға тиіс. Бірақ осы күнге дейін 5-6 отбасыдан басқасы көк тиын да төлемейті. Сондықтан қордаланған қарыз 10 миллион теңгеден асып кеткен.

Әуел бастағы ниет тұзу, пейіл он еді. Солай бола тұра, қас пен көздің арасында дерлік аса жылдам салынған тұрғын

Арқаның қоңыр күзі күшіне дендеп еңбей-ақ Нұрлықөштен шу шықты. Солтүстіктің үскірік аязына төтеп бере алмайтын жұқа қабырға көкейден шығып, дымдана бастады. Есік-терезе ашылмай, ашылса, жабылмай әуреге салды. Асығыс салынған іргетас та опырыла жарылды. Тұтас қабырғалар шытынап, шаңырағы ортасына түсетін кейіпке енді. Осы бір қаржы үнемдеуден, анығын айтқанда, бөлінген қаржының адал жұмсалмауынан қаншама қиындық туы. Тұрғын үйлер салынбай жатып, күрделі жөндеуді қажет ететін жағдайға жетті. Бұл туралы «Жас қазак» газеті жазған болатын. Сондықтан, екінші қайыра қаузап жазуды қажет етпеді. Бүгінгі айтпағымыз, соншалықты азаппен салынған Нұрлықөш ауылындағы тұрғын үйлерді пайдаланушылардың ниеті.

Нұрлықөштегі тұрғын үйлер ешкімге түпкілікті берілмеген. Жалға берілгенін айттық. Оны айтасыз, жеті мемлекеттен тасқын судай алапат екпінмен ата-бабасының кіндік қаны тамған, қасиетті топыраққа қоныс аударған дүйім көпшіліктің қайсыбірі бірер ай тұрып көрген соң, әлде жана қонысын жатсынды ма, әлде басқа да бір себебі бар ма, ат басын кейін бұрған. Жай кетпеген, өздеріне берілген мемлекеттің

төлемесе, баспаналарынан айырулары да мүмкін, — дейді Көкшетау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Марат Жүнісов, — шынын айтқанда, мен бұл жұмысқа таяуда ғана тағайындалдым. Мына берекесіздіктің бастауы ертеректен жалғасып келеді. Енді алдағы уақытта Нұрлықөш ауылындағы үйлерді түгел сүзгіден өткізіп, тәртіпке келтіруіміз керек.

Анық иесі болмаған соң Нұрлықөш ауылындағы кейбір үйлерге қазір талас-тартыс та басталған. Ақ-қарасын ешкім де ажырата алмайды.

— Таласушылардың қайсысының жөн, қайсысының теріс екенін дәл қазір айта алмаймын, — дейді Краснояр ауылдық округі әкімі Нұрлан Айсін, — оның түпкі себебі - осы тұрғын үйлерді тапсырған кезде құжаттары толық толтырылмаған.

Осы арада танданысыңызды жасыра алмас едіңіз! Бар болғаны 274 үй ғана. Тоғыз жыл өтті. Тоғыз жыл бойы шет-шегіне жете алмайтын қандай бөліс бұл? Қазір әкімдіктерлер де, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі де бір-біріне сілтеп, алақан жайып, «мен кінәлі емеспін» деп ат-тонын ала қашып

ғана болды. Бұқпаның биігінен қарасаң, Көкшетау сап-сары болып тұратын. Қазір шалғайдағы жабылып жатқан ауылдардан көшіп келгендері бар, шетелден туған топырағына оралған қандастарымыз бар, қазақтың саны көп-көрім өсіп қалды. Ол кезде облысты Альберт Рау басқарған. Талай-талай уәде берілді. Келген ағайынды жұмысқа орналастыру мәселесі де қарастырылған.

тәжін киген соң, тағдырдың тауынан асып келген талайлы жұрттың көкейінде елімді көркейтсем, жерімді көркейтсем дейтін абзал ниет болса дейсін-ау, шіркін! Әйтпесе, маған ананы жасап бер, маған мынаны салып бер деген талап жөнге келе қояр ма екен? Нұрлықөштің мәселесі шаш-етектен екендігі рас. Ең алдымен, осыншама қандастарымыз тұрып жатқан елді мекенде тоғыз жылдан



ЕЛІМ ДЕК КЕЛІП ЕДІ...



үйлерге үдере көшіп келген ағайынның көңілі толмады. Жергілікті халық та сұқ саусақтарын шошайта көрсетіп, таң-тамаша қалысты. Қаздың жұмыртқасындай бір-бірінен аумайтын, әкетіп бара жатқан архитектуралық сымбат-кескінді шамалы үйлер пайда болды. Сыртқы ажарын айтасыз, іші де саялақ келіншектің атүсті атқарған шаруасы іспетті.

тұрғын үйін әлдекімдерге жалға беріп кетіпті. Қазір Нұрлықөште шет жайлап шалғайда күн кешіп, туған топырағына оралған ағайынмен бірге жергілікті жердің халқы да тұрып жатыр. Оның қанша екенін дәл қазір ешкім білмейді.

— Көп үй келісімшарт жасалмай пайдаланылууда. Мемлекеттің үйлері бола тұра, жал ақысын да төлемей отыр. Ендігі амал — сот арқылы өндіріп алу. Егер

отыр. Бір-бірлеп, әрқайсысына апталап уақыт жұмсаса да, он-терісін таразылайтын уақыт жетті емес пе?

— Біз Өзбекстаннан көшіп келгенбіз, — дейді Хауаз Мұхтар, — ол жақта жер еміп күн көріп едік. Бұл жердің жері жақсы, қара топырақты. Тек соған жағдай жасалмай отыр. Алғашқы келген бетте отын-көміріміз қар астында жатты. Сақылдаған сары аязда су сіңді отынды жаға алмай қиналды. Тіпті тауық бағатын мүмкіндік жоқ. Үй-жай салған соң, қосалқы құрылысын бірге салмас па еді. Әйтпесе, «бұл болмасаң, күл бол» деп қоныстандыра салды.

Ағайынның өкпесіне орай бір ауыз сөз айта кетелік. Осы бір уәжді көңіл таразысынан өткергенбіз. Көптің пікіріне де құлақ түрдік.

— Елге ел қосылып, ортамыз толып жатса, ең алдымен, біздің санымыз өсіп, салмағымыз артатынын даусыз, — дейді көкшетаулық ел ағасы Рамазан Батырбаев, — ел тәуелсіздік алғалы осы облыс орталығында жергілікті ұлттың үлесі жиырма пайыздық төңірегінде

Краснояр ауылында жеміс-жидек цехы ашылады, соған орналастырамыз деген. Олан басқа да жұмыс орындары ашылу көзделген. Бірақ сол көдедей көп уәде ішінара ғана орындалды. Ал енді үй салып берген соң қалған қажетті құрылысын өздері де салып алмай ма? Олар бізге масыл болу үшін келген жоқ. Туған жеріміз, ата-бабамның аруақты мекені деп келді. Осы Көкшетаудың өзінде жергілікті жұрттың да шекесі шылып отырған жоқ. Қаладағы үй кезегінде мындаған алам тұр. Үй түгілі, жер телімін алуға ондаған жыл кезекте тұрады. Сол кезде күнкіл өңгіме де шыққан. «Алдыңмен өзімізді жарылқап алмаймыз ба» деп айтқандар да болды. Бірақ түсіністікпен қаралдық, елге басу айттық. Сондықтан алыстан ат арытып жеткен ағайын жер телімін беріп, үйін салып берген соң, қалғанын өзі істеп алғаны жөн емес пе? Әйтпесе, міндетсізген сияқты болмай ма? Қазір біреуді біреу асырап-сактай алмайды ғой», — деп уәжін айтты.

Ақсақалдың пікіріне алып-қосарымыз жоқ. Шынында да, туған ел тәуелсіздік

бері білім ошағы салынған жоқ. Жас балалар 5-6 шақырым жердегі Краснояр ауылындағы қазақ мектебіне қатынап оқиды.

— Балаларымыздың құлақ-мұрны талай үсіген. Қаздың майын жағып келесі күні қайта жібереміз, — дейді Мұрат Тәжібай, — өзіміздің елді мекенде балалар бақшасын, білім ошағын, басқа да әлеуметтік-тұрмыстық жайларды салса жақсы болар еді.

Қазір Нұрлықөштің біраз үйі қанырап, бос тұр. Өздері бауыр басқан шетелдеріне қайта кетіп, мемлекеттің үйлерін зандыз жалға беріп отырғандарды есептесек, қаншама баспана тиімсіз пайдаланып жатқаны анықталар еді. Осы арада бір ұсыныс айта кетелік. Әйтеуір, елге ел қосылыс деген ниетпен салынған тұрғын үйлер болғандықтан, мемлекет салып, қызығын елге-жерге жаны ашпаймайтын әлдекімдер көргенше, онтүстік өңірден келетіндерге берсе қайтар еді. Облыс орталығының іргесінде болғандықтан, жұмысқа орналастыру да анау айтқандай, қиындық тудыра қоймайтындығы белгілі. Қыр астында қашанда жұмысшыға жарымай отыратын «Алтынтау Көкшетау» серіктестігі бар. Сал өріректе Доломитов кеніші орналасқан. Облыс орталығы да неше қилы мамандарға зәру. Егер осылай істесек, мемлекеттің қыруар қаржысын шығындап салған үйлер айдалада ақ отау, аузы-мұрны қос отау болып тұрмай, көдеге жарап қалар еді.

Бетті дайындаған Байқал БАЙӘДІЛОВ, Ақмола облысы



аңызды ақиқатқа айналдыратын академияның өзі емес пе: екі-үш күнде молдахедтердің қалың қолымен алысқан ротаның ерлігі, ротадағы он екі жауынгерден аға лейтенанттың ғана тірі қалғаны қатталып, рәсімделіп те үлгерді. «Аға лейтенант ауыр жаралы, сонда да ол қайтпас қайсарлықтың үлгісін көрсетіп, өзі өлтірген душмандардың басын кесіп әкелді. Аға лейтенант Барат Есеров Ауған соғысының батыры атағына ұсынылсын».

Ауған соғысының батыры атағына ұсынылған Барат бұл кезде әскери лазареттің оқшау бөліміне алынып, аса құпия қызмет орнының өкілдеріне жауап беріп жатқан еді. «Көргенінің бәрін айт» деген құпия адамдар оған тесірейген көздерінің сұғын қадап. Бұл бәрін айтқан. «Басты әкеліндер!» деді құпия адамдардың бастығы.

— Бұл сол ма? Салық па? — Тап соның өзі! — Шын аты кім? — Салқара. — Сен кімнің қолында тұтқында болдың? — Ауғанда босып жүрген қазақ жасактарының жүзбасы Салықтың қолында.

— Қателесесің! Ауғанда босып жүрген қазақ жоқ, душмандар ғана бар! Есіңнен шығарма, әскери адамға қырағылық қажет-ақ. Алайда ол көргенін көрмегенге балап, көзжұмбайлықтан танбауы керек.

— Ұқтым. — Ұқсаң, әлгіндей сөзді басынның амандығы мен жарқын болашағың үшін тісіңнен шығарма! Құпия адам бас сүйекті сартылдатып суретке тартты. Ұзақ-ұзақ қарады. Соңынан қасиындағыларға былай деді: — Мына жігітті елге қайтару керек, бұл — Отанына пайдалы қызмет ететін азамат!

VII

Газеттің айқара бетінде айтылмаған сөз, жазылмаған сөйлем жадында қайта жаңғырып, жанына тыныштық бермеген түнді көзімен атырған кәрі солдат ертеңінде овчарқасын жетелеп, «Ғажайыптар алаңынан» қалаға бет алды. Аппак зәулім сарайдың қақпасынан шыға бергенде ұлымен ұшырасып қалған.

— Папа, қайда жиналдың? — деп сұрады ұлы. — Майданға. — Қандай майданға? — Ұлының сүп-суық, сүп-сұр жүзінде танданас нышаны байқалды.

— Майданға, көдімгі майданға. Соғысқа! — Соғыс біткен, пап! — Менің соғысым біткен жоқ. — Кіммен соғыспақсың? Қайда барып соғыспақсың? — Менімен соғысатын біреу қалада пайда болыпты. Соның көзін құртып, түбіне жетуім керек. Бұл менің ең соңғы соғысым, ең соңғы жорығым, бөгеме жолымды. — Сен осыдан он жыл бұрын алжып едің, енді жынданған екенсің! — деді ұлы.

Кәрі солдат тұмбалдырықсыз овчарқасынның тілін салақтатып А. қаласындағы оқу орындарын шетінен алақтай бастады. Әзірге автобуста бұны келеке-мазақ еткен сұмырайдың табылар түрі жоқ. Бірақ табылады, табылмай қайда барады? Полковник салтанатты шерулер мен жиындар өтетін бас алаңды шолған: жастар сол алаңға көп жиналушы еді. Сол алаңда бұл кезекті рет керемет ерлік жасаған болатын. Бұрын кара тобырдың қарсылығына кездеспеген жауынгерлері алаңды таптап, сайран салған масқунемдер мен нашақорлардың қарасын көріп, бөгіліп қалғанда ұран тастағаны есінде: «Аямай ұрып, соғыңдар! Мұзға жалапаш отырғызып, шаттан тебіндер! Еліміздің тыныштығын қашырып, бейбіт тұрмысы мен берекесін көпсініп жүргендер көбейіп кетпесін, ұрпақ тарамасын олардан!». Полковник оқу орындарын аралап, көп сенделіп жүріп, ең соңында өмір-ғұмырында естіп көрмеген бір университеттің алдына тоқтаған. Бірақ күмәнді еді. Жетпей желкесі қиылғыр бүгінгінін жастары бірінен бірі аумайды. Әйтсе де, әлгі неменің жүзі біртүрлі таныс. Бір жерден көрген секілді. Кәрі солдат ғимарат ішіндегі үздік студенттер тақтасына көз сүзгені сол еді, таныс бейне жарқ ете түсті: мынау — сол, соның өзі! Миығына күлкі үйіріп, мәз болып тұр. «Мәз болғанды көрсетейін мен саған!» Полковник кесек алымдап ректордың бөлмесіне кіріп барды. Ректор мәлт қара шашы иығын жапқан, сұңғақ бойлы, келісті жігіт екен, полковникті құрмет көрсете қарсы алды. — Сіз суретінен таныған студентті мен жасы білемін, — деді ол сәл қабағын шытып. — Бахадүр Салқара — университетіміздің ең үздік шөкірттерінің бірі. Сіз айтқандай оғаш мінезі жоқ сияқты еді, ақсақал. Бәлкім, біреумен шатастырып отырған шығарсыз?

Полковник студенттің аты-жөнін естігенде қалшылдап кетті:

— Жоқ, сол, тап соның өзі! Біз, әскери адамдар, жаудың түсін жазбай танымыз. Ректор күліп жіберген: — Бұнда жау жоқ, қария. — «Жолдас полковник» деуіңізді сұраймын. — Бізде жау жоқ, жолдас полковник! — Бар, сендер оны білмейсіңдер де, сезбейсіңдер! — Сөзбегенде былай... бұл бала — оралман. Алыстан Атажұртына оралған жеткіншек. — Жеткіншек деп желкідетпей-ақ қой оны. Ол — жаудың баласы. Әскери трибунал құрып, соттаймын сұмайыныз.

— Сен әскери трибунал құрып соттайтындай ол әскери адам емес, — деді бағанадан «сіз» деп сыйпай сылық отырған ректор қатұланып. — Сенсіз де тағдырдың теперішің көріп өскен бала. Мазалама, жұтқия қалдыр. Атасы Ауған жерінде өліп, әкесі тозақ кешіп Түркия, одан әрі Алмания барған екен. Мына бала алман елінде туған. Әкесінен ерте айырылып, жетімдік пен кемдіктің зар-запыранын жұтып өскен бейбак. Енді Атажұртын, туған елін паналап келгенде, біз оны жендеттің қолына беріп қойып, қарап отыра алмаймыз. Менің сөзім осымен төмам, қайда барсаң — сонда бар. Жолын ашық.

Кәрі солдат сүлдерін сүйретіп сыртқа шыға бергенде миына мын сан түінен тасықандар құйылып қалалғандай болды. Әсіресе, он көзі түбінен суырып, әкетіп барады. Жарық сәуленің жанды осынша азапқа салар қатыгездігін кім білген. Полковник он көзін жұма қойды, сөйткенде бәрі қалпына келген. Сол көзі көріп тұр, бірақ айналасы сұрықсызданып, күнгірт тарта берді. Сол күнгірт көрініс көк солдаттың жанын жап таптырған. Енді тек осылай, тек осылай жүргені жөн сияқты. Жап-жарық әлемнің өткір сәуелелері саулап кеп сінетін он көзді ағызып жіберсе де болады.

Жалқы рет ауруханада жатып, дәрігер атаулының саусак ұшын төніне тигізбеген полковник расында солай істеді. Баласының зәулім сарайында ешкім жоқ кезде көгілдір отқа істік темірді балқытып, әбден қыздырып алды да, ашса бітті сәуле тасықнды миына әкеп құзтын он көзінің ұяшығына сұғып жіберді. Бұны да «Ғажайыптар алаңындағы» қатындар әнгіме қылатын. Ең қорқынышты сөз студенттер арасында таралды.

— «Гын» кинотеатрының артындағы ескерткіштер қорығында жалғыз-жарым жүрген жасты ұстап алып жеп қотатын елес-адам пайда болыпты, — деуші еді олар. Ал «Ғажайыптар алаңындағы» ханымдар: «Полковник өзі жататын бөлмеге табыт кіргізіп, табыттын ішіне шинелін қалдырыпты да, ұшты-күйлі жоғалыпты. Қайда кеткені белгісіз, сірә, таусылып бітпейтін бір соғысқа аттанған шығар», — десетін.

Дәурен ҚУАТ

қарындас бауырлар бекіністі тас-талқан еткен соң, өз еркін — өзінде. Қаласаң — қасындамыз, қаламасаң амалын тап та, Сөбетіне қайтып бар. Бізден мұрсат саған. «Олай бола қоймас». Бараттың ойы осы «олай бола қоймасқа» бекіген. Сол оймен ол ұрымтал сәтті күтіп, ілгері баса берген.

Жүзбасы карт кісі сияқты көрінгенімен, қаржасқанда қайраты қабындап шыға келетін қайтпас қайсардың сойына ұқсайды. Мүсәпірдің қылша мойынды талша қиятын қылышы қынынан суырылмасын да. Ана екеуінің душмандардан алған жалғыз оғы зая кетпейтін зар енірген мергендер екені бесенеден белгілі. Қайтпек керек? Қайткенде сенімнен шықпау керек. Сәл күдік сездірлі ме, бітті, басы домалап бір сайла қалады. Бірақ совет солдатын бұл қашқындардың соншалықты жан тартқандары несі? Молжахедтердің әскербасынан жанына сауға сұрап, жалынғандары қайткені? Әлде бұны осындай бір іске пайдалануды дiттегендері ме? Ал, бекіністің басына бұларды булан құйрыққа салып ертіп барсын. Бекіністің күлін душмандар көкке ұшырсын. Содан кейін не болады? «Жарайсын, азамат екенсің» деп арқаға қағып шығарып сала ма? Мейлі, шығарып-ақ салсын. Бұл қайда барады? Барғанда «осылай да, осылай, молжахедтердің тұтқынынан босап, қашып шықтым» дей ме? Оған, сірә, кім сенеді? Сенбейді. Сенгенін не, тергеліп, тексеріліп, әскери жазаға тартылады. Сотталады. Әуел десең «әу» деуге келтірмей, әскери трибунал жасап, атып тастауды да мүмкін. Жо-жоқ, қайткенде мыналардан құтылудың айласын тапқаны абзал.

Баратты алдына сап жүзбасыға ілескен суық жүрісті топ таң қылан бере бейтаныс биік таудың ұшпа шынына аяқ іліктірген. Жан-жағына жігі көз тастап алып, аялдаған Салық койнынан жайнамазын шығарды. Өзгелері де намазға ыңғайланыпты. Босқын ауылдың кәрі-жасы намазға тұрғанда ажал оғын атып, аласұрған дүниені мүлде ұмытып, мүлгіп, ұйып қалатынын талай көрген тұтқын қашуға ыңғайлы сәт қайткенде осы сәт болар деп көңіліне көптен түйіп жүретін. Соның орайы қазір келгендей. Бірақ: «Болмайды, — деді бір дауыс. — Барат батыр, асықпа, босқындар лагерінен алыстай тұс». Қашудың қамына құлаған ойын жанағы дауыс тиып тастаған соң тімте қараған: жүзбасы бір қадам ілгері, үшеуі сонында Құдайға құлшылық етуге кірісіпті. Жұлдыздары әлі сирей қоймаған көк жүзінде дөңгелене жүзіп Ай баралы. Ай астында желбегейлерінің етек-жеңін еспе жел тербеген төрт мүмін сәждеге бас ұрып, Жаратқан Хаққа жалбарынула. Мүміндер мүлгіген күйінде мынау отқа үйітілген кара кожыр таулар мен түтін жұтып тұншыққан даланы тәрк етіп, жұлдыздар шоғырына сіңіп кететін секілді, тұтқынның бар-жоғын да қаперсіз қалдырған. Бойларындағы бес қаруын да шешіп, сонадай жерге тастапты.

Барлаушылар түс ауа тағы да намазға аял жасаған. Намаз алдында мүсәпір Баратты байлап тастамақ болып

қанына тартып туа береді ғой. Иегіне сақал жапсырып, танауының астынан таңқитып мұрт қойсаң, бірер күнде сен шығар мына бізден айырғысыз жанға айналарсың. — Карт езу тартты. — Мен Салқара деген ағаң боламын. Бір заманда Салқара мырза едім, енді Салық жүзбасы атанып, көпірлерге қарсы жіхадта жүрмін. Қазақ қонағын тергемейді, жөн сұрайды. Жөн сұраған түріміз осы болды, айыпқа бұйырма. Қазір ас келеді, қолыңды шай, тізенді бүгіп шошаймай, малдасыңды құрып, кең отыр. — Салық жүзбасы алақанын жайып еді, үйге буы бұрқыраған астаулар кіре басталды.

Ертеңінде Барат даурыққан дауыстардан оянып кетті. Кешегі мамыражай ауыл іші ала топаң шаңға бөгіп, ат тұяғының дүбіріне көміліпті. Тұтқын түрілген жабудан анық көрді: душмандар! Ойнақтаған ақалтеке аттардың белінен түспей қамшы үйіріп, мылтық кезеп, жалаң-жалаң етеді. Үйірілген топтың ортасында Салық жүзбасы әлдебір түсі суық душманмен қолын сермей сөйлеп, дауласып тұр. Анау өңмендей көп төңір, әлденені айтқанда, жүзбасы да жауаптан қайтпай жандасып бағуда. Барат өз басына карттғын тағы да сауға сұрап тұрғанын түсінді. Сөйткенше болған жоқ, бұны үйден екі душман жентеті сүйтп шықты да, мойнына қыл шылбырды тастай салып, тақымдап тарта жөнелді. Құлағынан үріккен ақалтекелер ытырылып бергенде көзі шалып қалды: кеше кешқұрым қолын байлаудан босатқан жігіт қынынан суырған қылышын жалғыз сермеп, қыл шылбырды қиып түскен. Ақалтеке ат мінгендер қиқулап кете барды. Бұл бүктетіліп, жазылып жер қауып жатқанда шулап-шұрқырап кеп әйелдер басты. Аңырап, зарлап, жылап жүр бейшаралар. Дауыс сала боздап жүр бейбақтар. Бұны айналап, толғанып, бауырына баса солықтайды сорлы жазғандар. Бір кәрі шеше басын сүйеп: «Балам-ау, бауыр етім-ау, ұлым-оу, құлыным-оу», — деп ұзақ толғанды. «Көретін жарығым әлі алда екен, — деді тұтқын мінгірлеп, — көретін жарығым әлі алда екен».

IV

Барат босқын ауылдың бозтайлағы болуға амалсыз көнген. Күндіз бос, еркінше жүріп тұралы. Кешке дәрет сындырып, ішін босатқан соң әкеледі де, қолын артқа қайырып байлап тастайды. Болды. Тұтқын осы күндері тұтқында емес, мырзақамакта екенін әбден түсініп қалды. Мырзақамактағы пенде ауылдан ұзап шықпауы керек, қолына қару ұстамауы керек. Басқасының бәрі — еркінде. Қатар құрбыларымен тең сөйлесіп, кей ортада әзіл қашырып отыратын жағдайға жеткен.

көрінгенімен ар жағы алақандай жазық екен. Сол жазыққа жаппа қостар мен кәдімгі қоныққай киіз үйлер тігіле қалыпты. Әр-әр жерде қазан асылып, жер ошақтардың маңында жаулықтары ағараңдап әйелдер жүр. Желілерде құтылдарн кісінеп, биешілер соңғы сауыңна аяқтарын жебей басып баралды. Сонау беткейден шоқтай үйіріліп, қой-ешкісі аралас ақтылы отар түсіп келеді. Шыбықтарды ат қып мініп шұрқыраған бала дауыстары көгеннен босап, жамырай өрген қозы-лақтың у-шуына қосылып, өзінше мәре-сәре. «Мен өзі қайда келдім? — деп күбірледі совет солдаты. — Мынау менің тұған ауылымнан аумайды ғой?».

— Көпірлердің оғы төбемізде найзағайдай ойнап тұрса да, сән-салтанатымызды бұза алмаймыз, — деді тұтқынды шеткері үйге әкеліп кіргізген карт жүзіне зорлана шырай шақырып. — Аз-кем шаққа Алла тыныштығын берсе болды, осылай ата-қонысымыздағы бөз-баяғы тірлігімізбен қайта табысамыз. Көне, Барак батыр, төрлет.

— Қазақ байлап-матап ауылына қонақ әкелмейтін еді, — деді содан соң. — Салттан жанылдық, айып етпе.

Карт иек қағып еді, киіз үйден суырылып бір жігіт шыға келді де, шиелеп байланған қыл шылбырдан Бараттың қолын босатты.

— Ал, төрле, батыр!

Күн батып, көз байлана тұтқын түскен үй қапсағай бойлы, балуан жоталы, жанарларынан жасын атқан жас жігіттер мен егде кісілерге толып кетті. Бәрі бұған ішіп-жеп қарайды. Бәрі — қазақ, айдаладағы ауған жеріндегі қазақтар. Бұлар қандай қазақтар? Қазақ деген осылай көшіп-қонып, қиыр жайлап, шет қонып жүре бере ме? Әлде ғайыптан тайып, құс қанатын талдырар дүниенің алыс түкпірінен осында салып ұрып жетіп келген бе? Бәлкім, бұл елес шығар? Қиял-ғажайыпқа бергісіз түс пе екен көріп отырғаны?... Жүздері қандай таныс... Анау шоқша сақалдар мен қылыш мұрттарды шимай-шатпақ шекаралардың ар жағында қалған ауылынан көріп өскен еді ғой. Солдаттың жан-жүйесі босап, үнсіз егілді. Жақынына сүйенген, жақынын жан тартқан, жақынынан мейірім күткен пенденің басындағы хал Баратты да бауырына басып Қандағардан Қарағашқа алып ұшқан. Қарағаш — солдаттың кіндік кескен жері. Енді қайтып ол жерді көре ме, жоқ па? Бәлкім, Барат батырдың қалған өмірі мынау тұр-түсі таныс болғанымен, тірлігі бөтен ортада өтер ме екен? Кім білсін, жан алқымға тірелгенде бұл да Аллаға салауат айтып, сөждеге бас қойып, бұрынғысының бәріне қол бұлап кете барар?..

Иә, естіген, душмандар тұтқындарын сүндетке отырғызып, іңісізден аккөз діндар жасап алады деп. Бараттың да барар жері сол болмасын...

Солдат



— Көмөнессің бе? — Иә, коммунистің! — Пәруардигер, қайда қашсаң та, алдымыздан көктеп көмөнестер шыға берді-ау?.. Бағанадан үнсіз жиынның көбесі сөгіліп, әр тұстан мырс-мырс күлкі естілді.

— Біз, — деді совет солдатының жанына сауға сұрап алған карт көмейінен күмбір-күмбір үн төгіп, — көмөнестерден қашып, жұмыр жердің бетінде тентіреп жүрген жұртпыз. Құлақ сап тыңдағын, жайымызды айтайық. Жер жөннаты Жетісудың төрі - Шұбарағаш, Ойжайлау, төмені Қарағаш пен Қарғалы дейтін өлкені ең жайлаған ел едік. Жайымызға тыныш жатқан момын ғана қауым ек. Замананың кара дауылы тұрды да, мүкәммал-мүлкімізді қызыл шұнақ кедейлерді құғыртқан қызылдар тартып алды. Тартып алып, табанына салып құл қылса да құлдық дер едік, итжеккенге айдаймыз деп есірді. Өткенде — сонысы өтті. Ау, Құдайға қылғанымыз болмаса, адамға қылған қиынаты кем әулет едік қой. Сөйткенде аузын арандай ашқан апштықтың әбілеттей басып, әлекедей жаланып жетіп келмесі бар ма? Алтай қыстан ақ сөңке болып шықты. Ағайын-тұманың жартысын апштық жалмады. Көк өзек шаққа түңк іліне жарықтық Хакім, әкемді айтамын, «арғы бетке ауайық» деп кеңес қылды. Хакімнің аузына қараған жамататта басқа сөз болсын ба, «аусaq ауалық, көшкес көшелік» десті. Көштік. Сәбет көмөнестерімен қаша соғысып шекара бұздық та, Дюені бойында емінген елімізді таптық. Аз ғана уақыт дәурен сүрдік. Аузымыз аққа, тақымымыз атқа толып, ес жия бергенімізде Үш аймақ білүнді. Қытайдың Жанқайшы дейтін қонтайшысымен соғыстық. Артынан жылмиып қытай көмөнестері жетті. Көмөнестердің қасында Жанқайшы жат ішіндегі жақынымдай екен, көресіні көмөнестерден көрдік. Бірімізді бірімізге айдап салды, атты, асты, шапты. Көзімізден тізіп, көгендеген қойдай қылып темір торға тоғатты. Небір арда туған асыл азамат абақтыда шірілді. «Сәбетте де көмөнес, қытайда да көмөнес, көмөнессіз жер бар шығар мынау жұмыр жердің бетінде? Кетелік, бұл қарғыс атқыр көмөнестердің көзінен таса мекен тауып, қарамағызды бағырайық» деп бір күні Хакім тағы да кеңес қылды. Хакімнің сөзіне қарсылық танытқандар қалды, қоштағандар біздің көшке ілесті. Тағы да түн жамылып түлей түзге тарта жөнелдік. Соңымыздан қытай шеріктері түсіп берген. Олармен де сәбет көмөнестерімен қаша соғысқандай соғысып, Тақламақан шөлін кесіп, Көшімірге ат басын тіредік. Көшімір көмөнессіз көрінгенімен оған таяқ іліндірер тұстағы Гималай асулары өлім секілен өңір екен, ыс тиіп шиеттей бала-шағамыз, көрі-құртанымыз баудай түсті. «Ыс» деген — сен ойлағандай түтін, иі, шала, күйік емес, бойы бұттан бір кел таулардың басындағы қысымы күшті ауа. Ажалды ауа. Хакімнен ажалы ыстан болды. Көштің бұйласы менің қолыма тиген. Он екі ата байұлы, алты ата әлім мен жеті рудың бағылан ұлдары Ауған, Иран, Ғирақ жұртын, кең пушпак керей туысым Пәкстан, Түркіені игеріп, қоныс тауыпты дегенді құлағым шалағын. Құлағым шалған сөзге құрық тастай жүріп, ел-елден хабар алдым. Ауғанда, өзбек, тат бауырлардың көптігін жөне біліп, әрі тағдыр айдап келген соң осында көшті тоқтатып едім, міне, көрмейсің бе, топ етіп тозақтың үстінен түсіпін. Өуелде бұл ел бұлақсыз ел еді. Хан әулеті бізді жаман қарсы алған жоқ. Қызымызды алып, қыз беріп құдандаласың, құт қойнауына енгендей болғанбыз. Соның өзін көп көріп, көмөнессім, сен келдің де лаң салдың. Барар жер, басар тау қалдырмадыңдар ғой, Құдай қарғағырлар! Ізімізге өкшелей түсіп, індете іздеп, індет боп тиердей не қылдық біз сендерге со құрлы?... Ал, сөйле? Кімісін? Кімісін сен? Не қылып жүрсің бұнда? Әлде сен де біздей сорлы, бейбақсың ба? Кім жұмсалды сені? Жұмсалдың ғой сен?!. Басында еркін жоқ, ерге берер сертін жөк міскінің бірі боларсын кім болсаң да? Сөйле!

Карт қоныр үйдегі қоныққай жұрттың қилы тағдырын қисыны қиын замананың ішінен ақтарып алып шықты да, сөзінің соңын сұрақпен бітіріп, бұның жүзіне тіке қараған. Көзінің қарашығында қасіреттің көленкесі мен қайраттың оты кезек алмасқан картты сол кезде тұтқын да тани кетті. «Иә, бұл сол. Солар!», «Қарағаштағы алғашқы болышевик Есерді, Бараттың атасы Есер коммунисті окка байлап, тайып тұрған жендеттер осылар». «Шалдың «Хакім» дегені көдімгі «Хакім банды» ғой», «Мынау соның ұлы екен ғой!», «Кездескен жерімізді қарашы?».

— Сыр бойының тумасымын, — дей салды Барат, — совет солдатымын. Ал солдат тек бұйрықты орындайды. Мен — бұйрықтың тұтқынымын.

— Тура айтасың. Сен — тұтқынсың. Бұйдасыз тұтқынсың, бұйрықтың құлсыны. Біз — босқынбыз. Азаттық аңсаған босқынбыз. Сыр бойының тумасымын дейсін-ау. Бірақ сенің түрінді осы отырған бәріміз әлдекімге ұқсатқандаймыз. Көргендейміз бір жерден. Әй, әйтсе де, қарға тамырлы қазақ

— Орыстың маржалары қандай болады? — деп сұрайды босқын ауылдың жігіттері қылжақтап.

— Балдай болады. — Несі балы? — Сілекейі. — Өй, құрлас-ау, сонда сен орыс маржасының сілекейін жұтып көрдің бе? — Е-е, көрмегенде ше? — О, міне, жігіт!

Бірір күннің ішінде балалар да бұған үйірсек боп алған. Карт аналар дәм-тұзын алдына тосып, қайсыбір өжет жегнелер жеңіл-желпі шаруаға жұмсайтын да әдет тапты. Бараттың ауыл жұртымен емен-жарқын араласып, жатысбай табысқанына сенгені ме, әлде сыр тартқаны ма, бірде Салық жүзбасы шақырған.

— Сені осы ауылдан қашырып жіберсем қайтесің? — деді ол. — Майдандас, қарулас достарымды табамын. — Табасың да, бізге қарсы тап бересін. Солай ма? — Мен сіздің жақсылығыңызды ұмытпаймын. — Еңдеше, сен бізге сәбет әскерлерінің құпия бекінісін көрсетесің. — Мейліңіз. — Бүгін түнде аттанамыз. — Сіз екеуміз бе? — Жоқ, қасымызға сайлаулы үш жігіт ертеміз. — Келістік.

Екеуі осыған уағдаласып, қол алысқан.

V

Түн төніректі қымтап, айналаны меніреу қаранғылық басқанда, бес адам жолға шықты. Барат, жүзбасы Салық және үш жігіт. Үш жігіттің бірі Баратты сүйретпелден құтқарып қалған Мүсәпір батыр.

— Ал жаксы, бекіністің үстінен түсірейін, содан соң мені қайтесіңдер? Шекеме жалғыз окты қадап, шейіт қыла саласыңдар ма? — деп сұралды Барат жолға аттанардың алдында жүзбасыдан.

— Бекіністі көрсетсең болды, — деді Салық уәдесінен таймайтын адамдардың сабырлы пішінімен. — Әскербасыға хабар жеткіземіз. Оған дейін сен бізге тұтқын боласың. Дін




CLUSTER

Кирилше жазылған сусын арасынан шай көрінбеді. Сатушы бозбаладан сұралды. Ол басын шайқады. «Е, жоқ екен ғой» деп кері бұрыла бергенде екі бүйірінен бу атқылап тұрған самаурыңа көзіміз түсті.

— Мынау шай емес пе?
— Иә, шай.
— «Жоқ» деп едің ғой жана.

— Қашан?
Осылай, бір-бірімізді ұқпай тұрғанда бізді күтіп алуға келген жергілікті журналистер әңгімеге дер кезінде килігіп, мән-жайды түсіндірді. Сатушыға сырттан келген туристі бұлай «шатастырмау» жағын сыпайы түрде ескертті.

Болгардың басын шайқағаны құптағанын, көліскенін білдіреді. Бұрын осы тұжырымды естігенде, күлетін де қоятынбыз. Сөйтсек, шынымен сондай екен. Ел астанасы София қаласының халықаралық әуежайында шөлді басайық деп шағын кафеге кіргенбіз.



Болгардың барды ұқсатуы



Болгар халқы жайдары, қонақжай. Әлемнің 30 елінен SCIJ Meeting-ке (Халықаралық шаңғышы — журналистердің басқосуы) келген 150 әріптесіміздің көзі бұған анық жетті. Дәстүрлі жиын биыл Пловдив қаласы мен Пампорово шаңғы демалысы орталығында өтті. Пловдивтің тарихы тым өріде. Шаһар — алдағы жылы Еуропаның мәдени астанасы. Ежелгі заманғы



стадионға апарар жолда адамның бойындай әріптермен жазылған TOGETHER деген жазу көзге шалынады. Көрі құрлық осы арқылы «Біргеміз. Берік іргеміз» деген ұстанымын аңғартқысы келгендей. Бұлай дейтін де жөні бар. Brexit-тен



кейін бірліктің сөгілмеуі Еуропаға өте-мөте қажет екені түсінікті. Шаңғы орталығы бұл жерден 80 шақырымдай жерде, Родопи тауының етегінде. Шылымды көп шегіп, тісі сарғайғандардың есінде шығар. Кеңес заманында осындай атаумен темекі болатын. Ол құрғырдың осы таудың құрметіне қойылғанын енді біліп отырмыз. Родопи қазір керісінше, салауатты өмір салтын насихаттайды. Елдегі инфрақұрылымға Еуроодақ стандарттары енді орнығып келеді. Кенестік сәулет стилімен салынған ғимаратты модерн үйлер ығыстырып жатқан жайы бар. Жол сапасы да сондай. Соған қарамастан турист көп. Әсіресе, ағылшындар. Ұлыбританиядан келгендер мұнда өзін жайлы сезінеді. Саяхат сервисін былай қояйық, көлік, тамақтану, қызмет көрсету жүйесіндегілер халықаралық тілге судай. Оның үстіне Тұманды

Альбионмен салыстырғанда, мұнда бөрі арзан. Айырбас бағамы да қолайлы. 1 фунт стерлингті жергілікті ақша — левке алмастырып, талай дүние алуға болады. ТМД аумағынан барғандар үлкендермен орысша тілдесе алады. Жергілікті тұрғындар болгарша сөйлегенде жұрнақ пен жалғауды таппай қаласын. «Шұжык», чал (шалу) сияқты түркі тілінен енген сөздер де баршылық. Сонау 1955 жылдан бері әлемнің әр түкпірінде өткізіліп келе жатқан SCIJ Meeting медиа форумына болгардың ықылас танытуы тегін емес. Мұндай басқосу бұған дейін елдің оңтүстік-батысында орналасқан Банско тау шаңғысы орталығында ұйымдастырылған. Міне, енді кезек Пампоровоға келді. Жергілікті биліктің мақсаты айқын. Бұқаралық ақпарат құралдары болгар туризмнің мол мүмкіндігін паш еткісі келеді. Сол үшін тау бөктеріндегі қалың орман ішінде 210 шақырымға созылып жатқан сырғанақ жолдарын жасапты. Альпі етегіндегі шағын қыстақтарда көргеніміздей, жоба бірнеше саланы дамытатын тиімді кластерге айналды. Әрине, бірден емес. Өздерін табиғат жанашырлары деп санайтындар туризмге тұсау болуға тырысады. Банско демалыс орнын салу жобасы жарияланғанда



әлгі белсенділер мен олардың жақтастары Софиядағы үкімет ғимараты наразылық шеруін өткізеді. Билік дегенінен қайтпайды. Өйтпеске амалы да жоқ еді. Болгария социализм тұсында да, Еуроодаққа кірген соң да индустриалдық елге айналған жоқ. Оған тиісті алғышарғы да болмады. Сондықтан тау кластерін дамыту әлеуметтік түйіндерді шешуге мүмкіндік беретін бағыт еді. Жыл сайын жан-жақтан ағылатын турист саны жергілікті халықтан әлдеқайда көп Швейцария, Австрия, Андорраның тәжірибесі бұған таптырмас дәлел. Болгарлар тау шаңғысы орталығын ашумен шектелген жоқ. Чепеларе кентіндегі шаңғы және сноуборд жасайтын фабриканы көпшілік жасы біледі. Журналистер кәсіпорында болып, Atomic, Salomon, Arma секілді әйгілі брендтердің жасалу процесімен танысты. Фабриканың сапалы өніміне жергілікті және шетелдік компаниялардан сұраныс ешқашан азайған емес. Шаңғы жасаудың өз қыр-сыры, құпиясы бар. Би-Би-Си-дің орыс редакциясында қызмет ететін әріптесіміз осында әр шаңғының өз жұбы бар екенін, оларды бір-бірінен ажыратуға болмайтынын біліп, қатты танқалғанын біраза дейін жасыра алмай жүрді.

Чепеларе фабрикасы жергілікті тұрғындарға жұмыс беріп қана қоймай, білікті маман дайындауға, сондай-ақ бұл өңірде тау кластерінің өрісін кеңейтуге айтарлықтай үлес қосуда. Болгарлар тау туризмінде тым ілгерілеп кетті деуге тағы келмес. Дегенмен табиғаттың бергені мен қолдағы ресурсты тиімді пайдаланып отыр. Рас, орталық көшесінен небәрі жарты сағаттық жерде шаңғы тегіс қалайы тау шатқалдары бар Алматының әлеуеті әлдеқайда ересен. Бірақ Шымбұлақтың сырғанақ жолдары тым аз. Талай жылдан бері көкпарға түсіп келе жатқан Көкжайлаудың келешегі де әлі күнгірттеу. Бірақ отандық туризмді өркендетсек деген талабымыз қашанда таудай.

SCIJ Meeting әрдайым журналистер арасында өтетін шаңғы жарысымен қызық. «Жас қазақтың» атынан біз де долаға қатыстық. Гигант сляом мен кросс-кантри бойынша өнер көрсеттік. Жастарға есемізді жіберген жоқпыз. Ұлттық салт-дәстүрін ұлықтап, спорт пен туризмді нарық талабына сай өркендетіп отырған болгар елінде ұмытылмас әсерге бөлендік.



Срайыл СМАЙЫЛ, Пловдив — Пампорово

ЕСТІМЕТІН БАЛА КӨН

Хорбатияда суға салса «батпайтын», отқа салса «жанбайтын» адам тұрады. Фране Селак осыған дейін талай апатқа ұшыраса да, дін аман. 1962 жылы Селак мінген пойыз биік көпірден суға құлапты. 17 жолаушы көз жұмып, жалғыз Фране су астынан тірі шыққан. Тек қолы сыныпты.



Одан кейін Американың киноларындағы сияқты өлмейтін адам ұшақтан құлаған. Бұл жолы да су ішері бар екен. Тағы бір жолы Фране мінген автобус апатқа ұшырайды. Бірақ ол тірі қалады. Кейін өзі тізгіндеген темір тұлпар жүк көлігіне соғысып, тағы тірі қалады. Адам айтса сенгісіз оқиға. Дегенмен, оның басындағы бағы бес елі екен. 2003 жылы Селак лотереядан миллион доллар ұтады. Жасы 90-ға таяп қалған хорбаттық қарияны жұрт «әлемде ең жолы болғыш адам» деп атап кетіпті. Өйткені, ол ұшақтан құлады, пойызбен суға түсті, көлікпен апатқа ұшырады. Бірақ тірі!

Отқа салса жанбайтын...

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Салтанат ШЫРЫНХАН —
арнаулы тілші

Әбдіманап КЕҢЕС —
жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА —
терімші

Айдоқ ҚҰСАЙЫНҰЛЫ —
web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байбал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және
Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНУЗАҚОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор

Салтанат ШЫРЫНХАН

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары

Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Мақатаев көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі)

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.	Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2108; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы — 40 000 дана
Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.	www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.